ЖАСТАРҒА ЖҰМЫС ТАБУ НЕГЕ ҚИЫН?

5-БЕТ | БІЛІМ

ӘСКЕРДЕГІ ӨЛІМ ӨРШІ БЕРЕ МЕ?

6-БЕТ | МӘСЕЛЕ

ЖАЗҒЫ МЕКТЕП – ТАМАША МҮМКІНДІК

12-БЕТ | БАЛАЛАР ЖЫЛЫ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Біздің мақсатымыз – айқын. Халықтан ұрланған активтерді елге қайтарып, әділдік орнатуымыз керек. Қазір, ең бастысы, жұмысты тиімді ұйымдастыру қажет. Комиссия мүшелері осы міндетті абыроймен атқарады деп сенемін. Президент Әкімшілігі барлық жұмысты бақылауда ұстайды.

(Мемлекет басшысының Экономикалық ресурстардың заңсыз шоғырлануына қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысында айтқан сөзі)

№68
(4346)
Сенбі
11 маусым
2022 жыл

NurSultan

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

iКОМЕК-тің КӨМЕГІ КӨП

Елорда тұрғындары жыл басынан бері iКОМЕК109 байланыс орталығына 1 миллионнан астам өтініш берді.

Олардың 850 мыңға жуығына байланыс орталығының операторлары бірінші қоңыраудан-ақ жауап берді. Орталық іске қосылғаннан бері барлығы 8,4 миллионнан астам өтініш қаралды. Елорда тұрғындары мен қонақтарын көбінесе денсаулық сақтау (емханаға тіркелу, дәрігерлерді үйге шақыру және т.б.), қоғамдық көлік (жұмыс режимі, төлем тәсілдері бойынша сұрақтар) және қаланы электр қуатымен жабдықтау секілді мәселелер қызықтырады. Сондай-ақ өзекті өтініштерге 5 маусымда өткен жалпы республикалық референдум мәселелері жатады. 17 мамырдан бастап «жедел желіге» 19 мыңнан астам өтініш келіп түскен.

ОН ЕКІ ОТА ЖАСАДЫ

Әлемге әйгілі балалар ортопеді Марк Эйдельман Нұр-Сұлтанға алғаш рет ат басын тіреп, №2 Көпбейінді балалар ауруханасы базасында балалар арасындағы туа біткен жамбас буынының шығуы бойынша шеберлік сағатын өткізді.

Тренинг аясында отандық және шетелдік дәрігерлер 12 ота жасады. Елордалық клиникада Марк Эйдельман екі жамбасы да шығып кеткен петропавлдық үш жасар қызға ота жасады. «Technion» Израиль технологиялық университетінің профессоры, медицина ғылымдарының докторы М.Эйдельман Израильде мұндай ота жасамайтынын айтады. Себебі өз Отанында мұндай аурулар сирек кездеседі. Білікті дәрігер шеберлік сағатында өз білімімен әріптестерімен бөлісіп, шетелде қолданылатын технологияны көрсетті. Шеберлік сағаты 6-8 маусым аралығында өтті.

Нұр-Сұлтан қаласы ауқымды әлемдік шаралар мен көрмелер өткізетін іскерлік орталық ретіндегі әлеуетін арттырып келе жатыр. Елорданы Орталық Азияның ірі оқиғалары ұйымдастырылатын іскерлік хабы ретінде таныту мақсатында беделді әлемдік ұйымдарға әртүрлі үлкен шараларды өткізуге өтінімдер беріліп жатыр. 2021 жылы сондай 10 өтінім берілді.

2

ЕЛОРДАНЫҢ ТУРИСТІК ӘЛЕУЕТІ АРТЫП КЕЛЕДІ

Нұр-Сұлтан қаласында 11 маусымнан 5 қарашаға дейін дәстүрлі ауыл шаруашылығы жәрмеңкелері өтеді. Жәрмеңкеге 40-тан астам жергілікті және өзге өңір кәсіпкерлері әр демалыс күндері өз өнімдерін ұсынады.

Онда көкөністің негізгі түрлері, ет және сүт өнімдері, балық, бал, басқа да азық-түліктер Нұр-Сұлтан қаласы бойынша базар бағасынан арзанға сатылады. Ақмола, Қарағанды, Қостанай, Шығыс Қазақстан облыстары және өзге өңірлердің ауыл шаруашылық өнімдерін өндірушілер үшін бұл тамаша мүмкіндік. Жәрмеңке «Астана-Арена» (Тұран даңғылы, 48) стадионының қасындағы тұрақта өтеді. Жұмыс уақыты 09:00-ден 18:00 аралығында.

Elorda.info ақпараттық порталы жүргізген әлеуметтік сауалнама нәтижесі.

№68 (4346) 11/06/2022 Сенбі

ҚАЗАҚСТАН – ИНВЕСТОРЛАРҒА АШЫҚ ЕЛ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев төрағалығымен Шетелдік инвесторлар кеңесінің 34-пленарлық отырысы өтті. Жиынға ірі трансұлттық компаниялардың, мемлекеттік органдардың басшылары мен халықаралық ұйымдардың өкілдері қатысты. Отырыстың күн тәртібінде экономиканы көміртегінен арылту ісін дамыту және көміртегін аз пайдалану технологияларын енгізу мәселелері қаралды.

Мемлекет басшысы бүгінгі отырыс халықаралық ахуалдың шиеленіскен жағдайында өтіп жатқанын атап өтті. – Жаһандық логистика жүйесінің бұзылуы, сауда соғыстары, бұрын-соңды болмаған инфляциялық қысым – мұның бәрі бүгінгі күннің шынайы көрінісі. Мұндай жағдайда мемлекет пен бизнес жаңа ойын ережелеріне тез бейімделуі керек. Біз тек осылай ғана бәсекеге қабілеттілігімізді сақтай аламыз, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев жүргізіліп жатқан ауқымды демократиялық реформалар, жуырда өткен жалпыұлттық референдумның негізгі мақсат-міндеттері туралы айтты. Президенттің пайымынша, жүргізіліп жатқан саяси реформалар кешенді экономикалық жаңғырумен қатар жүруге тиіс. – Дәл осындай тәсіл бізге орташа табыстың қыспағынан шығуға, дамудың келесі деңгейіне өтуге жол ашады. Сондықтан біз, шын мәнінде, еліміздің нарықтық, еркін әрі бәсекеге қабілетті экономика құруға бағытталған жаңа экономикалық саясатын жүзеге асырып жатырмыз. Осыған байланысты инвестициялық ахуалды жүйелі түрде жақсартуға да ерекше көңіл бөлеміз, – деді Мемлекет басшысы.

Президент экономиканы көміртегінен арылту және көміртегін аз пайдалану технологиясын енгізудің өзектілігіне назар аударды. Атап айтқанда, климаттың өзгеруіне, бидай өнімінің азаю және су ресурстарының жеткіліксіз болу қатерлеріне байланысты проблемаларды шешу үшін шұғыл түрде жүйелі шаралар қабылдау мәселесіне тоқталды. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстандағы барлық парниктік газ қалдықтарының 80 пайызы қазба отындарын пайдалану арқылы энергия өндірумен байланысты және бұның еліміздің климатына кері әсер ететін негізгі фактор екенін атап өтті. Оның айтуынша, энергетика саласын жаңғыртудың айтарлықтай маңызы бар.

Қазақстан Президенті инвестициялық ахуалды одан әрі жақсарту және инвесторлардың заңды құқығын қорғау жүйесін жетілдіру мемлекетіміздің стратегиялық міндеті екенін атап өтті. – Былтыр шетелдік серіктестер біздің экономикамызға шамамен 24 миллиард доллар инвестиция салды. Бұл оның алдындағы жылмен салыстырғанда 38 пайызға көп. Бір айта кетерлігі, шетелдік инвестицияның 60 пайыздан астамы қазірдің өзінде экономиканың шикізаттық емес секторына тиесілі. Біз бұл инвестицияларды жоғары бағалаймыз және шетелдік серіктестер алдындағы барлық міндеттемемізді мінсіз орындауға бар күшімізді саламыз. Қазақстан инвесторлар үшін ашық есік саясатын күшейте түседі, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев шетелдік компаниялармен тікелей ықпалдастықты жолға қою, соның ішінде оларды елімізге көшіру немесе бірлескен кәсіпорындар ашу үшін барлық институционалдық жағдайларды жасауға дайын екенін мәлімдеді. Қазақстан басшысы атап өткен тағы бір маңызды міндет – аумақтарды көгалдандыру және жаңа алқаптарға ағаш отырғызу. – Менің тапсырмаммен 2025 жылға дейін еліміз бойынша екі миллиард ағаш отырғызу жоспарланып отыр. Өткен жылы 138 миллион, ал биыл 280 миллион ағаш егілді. Алайда бұл қарқын жеткіліксіз, оны жылдамдату қажет. Кеңес мүшелерін аталған бастаманы қолдап, осы іске елеулі үлес қосуға шақырамын, – деді Мемлекет басшысы. Президент елімізде газ тұтынуға сұраныстың артқанын атап өтіп, көмірді пайдалануды азайту ісінде газ саласының маңызды рөл атқаратынын айтты. – Газ экспортына қарағанда ішкі қажеттіліктерді қамтамасыз ету маңызды екенін қадап айтқым келеді. Үкіметке Теңіз кен орнының акционерлерімен бірлесе отырып, экспортталатын екі миллиард текше метр газды ішкі нарыққа қайта бағыттауды тапсырамын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

СОТ ІСІН ОҢТАЙЛАНДЫРУ АЙТЫЛДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жоғарғы Сот төрағасы Жақып Асановты қабылдады. Кездесуде сот жүйесінің қазіргі даму барысы туралы баяндалды.

Жақып Асанов Мемлекет басшысына азаматтық дауларды сотқа жеткізбей шешу мәселесі жөнінде айтып, соңғы 3 жылда Жоғарғы Соттың осы бағытта жүзеге асырған жобалары жайлы мәлімет берді. Оның айтуынша, бұрын істердің тек 2-3 пайызы ғана татуласумен аяқталса, қазір бұл көрсеткіш 37 пайызға жеткен. Жоғарғы Сот төрағасының деректеріне сәйкес, 2018 жылға дейін ауыр және аса ауыр қылмыстар бойынша бір жылда орта есеппен 23 адам ақталса, соңғы 4 жылда 160-тан астам азамат кінәсіз деп танылған. Яғни, көрсеткіш 7 есеге артқан.

Президентке мемлекеттік басқару жүйесіндегі әкімшілік юстиция туралы айтылды. Жақып Асановтың айтуынша, былтырғы 1 шілдеге дейін азаматтар мен кәсіпкерлер қаралған істердің 85 пайызы бойынша мемлекеттік органдардан жеңілетін. Қазіргі таңда істердің 55 пайызы кәсіпкерлер мен азаматтардың пайдасына шешіледі. Сонымен қатар кездесуде сот кадрларының сапасын жақсарту, азаматтардың сотта қорғалуын күшейту, сот ісін жүргізуді оңтайландыру және басқа да міндеттер туралы айтылды.

ЕЛОРДАНЫҢ ТУРИСТІК ӘЛЕУЕТІ АРТЫП КЕЛЕДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Соның ішінде Нұр-Сұлтан 2023 жылы INQAAHE конференциясын өткізу мәртебесін иеленді.

Қалалық Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының мәліметінше, мұндай шаралар 2 мыңнан астам делегатты тартып, бас қала экономикасына 2 млн АҚШ долларынан аса табыс әкеледі. Бұл табыс ғимараттарды жалға беру мен безендіру, техникалық мамандар мен аудармашылардың қызметі арқылы түсіп, 100-ден 200-ге дейін жұмыс орындарының сақталуына септігін тигізеді.

Сонымен қатар қаланың танымалдығын арттыру және туристік әлеуетін дамыту мақсатында халықаралық қауымдастықтарға, корпорацияларға, ірі байерлерге, шараларды ұйымдастырушыларға таныстыру турлары ұйымдастырылып жатыр. Мұнда көліктердің, қонақүйлердің, жергілікті демалыс, тарихи және танымал орындардың, астана ажарын айшықтайтын жерлердің қолжетімділігін таныстырудан бастап, бизнес жүргізудің тиімділігі қамтылады.

Осы уақытқа дейін таныстыру турларына туризм саласындағы 20-дан астам шетелдік компания өкілдері қатысып, Нұр-Сұлтан қаласын халықаралық деңгейде танымал ету үшін өзара ынтымақтастық жөнінде 6 меморандумға қол қойылды.

ӘКІМ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов азаматтарды онлайн қабылдады. Көтерілген мәселелердің бір бөлігі биыл шешіледі.

«Қала тұрғындары қозғайтын негізгі проблемаларды ескере отырып, осыған дейін «Жануя» отбасы институтын қолдау орталығын (әлеуметтік сұрақтар), тұрғын үй саласында қызмет көрсететін бірыңғай орталығын, «iQala» қалалық қызмет көрсету орталығын аштық. Бұл орталықтар қала тұрғындарының басым бөлігін көмекпен қамтуға мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша әлеуметтік қолжетімді тұрғын үйлердің, сол сияқты білім беру мен медицина мекемелерінің құрылыс көлемі едәуір ұлғайды, елді мекендерді жоспарлы түрде дамыту, көпірлер мен жол салу, инженерлік инфрақұрылымдарды жүргізу секілді өзге де жұмыстар жүзеге асып жатыр.

Қаламыз тұрғындардың атсалысуымен дамып келеді. Азаматтарды жеке қабылдаулардан бөлек, елорданы аралау, аудандық кездесулер секілді жиындарда да тұрғындармен кездесеміз. Мәселелердің бір бөлігі биыл шешіледі, ал қалған бөлігі алдағы жылдарға жоспарланады. Себебі жүйелі проблемаларды шешу үшін жобалық-сметалық құжаттаманы дайындауға, мердігерді анықтауға, қаржы бөлуге көбірек уақыт қажет. Міне, осыдан кейін ғана құрылыс жұмыстары басталады» деді Алтай Көлгінов.

Кеше қалалық мәслихат хатшысы Ерлан Каналимов және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Агенттіктің Нұр-Сұлтан қалалық департаменті басшысының бірінші орынбасары Ілияс Базилов елорда жастарымен кездесті.

МАҚСАТ – ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ЖОЛЫН КЕСУ

Райхан РАХМЕТОВА

Сұрақ-жауап форматындағы кездесуде жастар тарапынан мәслихаттың қызметі, халықпен жұмыс жүргізу, қала тұрғындарымен ашық диалог орнату және өзге де мәселелер көтерілді. Е.Каналимов Қазақстан мәслихаттары тарихында тұңғыш рет депутаттар елорданың басқармалары мен әкімдіктерінің бюджеттік өтінімдерін қалыптастыруға қатыса бастағанын айтты, яғни қаржы ағындарын басымдықпен бөлуді депутаттар өздері анықтайды. Соның нәтижесінде шығындар бойынша басымдық берілмейтін көптеген баптар түзетілуге берілуде.

– Әр саладағы бюджет шығындарын нақтылау алдында істің нақты мән-жайын түсіну үшін депутаттық корпус көшпелі отырыстар өткізеді. Орташа есеппен аптасына 3-4 рет кәсіпорынға, салынып жатқан спорт немесе мәдени нысандарға, ішкі істер бөлімдеріне барамыз. Осылайша, түрлі сала жағдайын өз көзімізбен көреміз. Мұндай кездесулерді тұрақты түрде өткізуге шешім қабылданды. Қазақстан тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап-ақ сыбайлас жемқорлықпен күресте мақсатты түрде және кезең-кезеңмен әлемдік стандарттарға сәйкес келетін тиімді институттар мен механизмдер құру жолымен жүріп келеді, – деді мәслихат хатшысы.

Сондай-ақ ол сыбайлас жемқорлық жоқ қоғам құру мақсатында жемқорлық тәуекелдерін азайту жұмыстары қарқынды жүріп жатқанын жеткізді. Бұл ретте мәслихат қоғаммен тығыз жұмыс жүргізіп, қашан да ашық диалог құруға және мәселелерді шешуге дайын.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Соңғы деректер бойынша әлемнің 27 елінде маймыл шешегі анықталды. Бұл елдердің басым көпшілігі Еуропа мен Солтүстік Америкада орналасқан.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы иммунитет вирусты қайта жұқтырудан 100% қорғай алмағанмен, қауіпті дерттің таралуының алдын алуға болатындығын мәлімдеді. Науқастарға үйде оқшауланға кеңес беріледі.

Жаңазеландия ғалымдары Антарктидаға тән Росса мұздығы аумағына жауған қардың құрамынан пластик қалдықтарды тапты.

Зерттеу барысында әрбір литр қар ерітіндісінен шамамен 30 түрлі пластик қалдығының бөлшегі анықталған. Мамандар бұл Антарктидадағы мұздықтардың еруін жылдамдатып, құрлықтың экожүйесіне нұқсан келтіруі мүмкін деп отыр.



Дүниежүзілік банктің соңғы есебінде 2022 жылғы жаһандық экономикалық өсу болжамы 2,9%-ға төмендетілді.

Бұл осы жылдың қаңтарында болжанған 4,1%-дан әлдеқайда төмен. Банк президентінің айтуынша, Украина дағдарысы, пандемия, жеткізу тізбегінің үзілуі және тұралау қаупі экономикалық өсімге айтарлықтай салқынын тигізген.

ӘЙЕЛДЕРДІ ҚОЛДАУҒА – 3 МИЛЛИОН ТЕҢГЕ!

Нұр-Сұлтан қаласында «Демеу» қайырымдылық жобасы «Мама Рго» әлеуметтік жағынан аз қорғалған әйелдерді қолдау қорына қаражат табыстады.

Қалалық «Mama Pro» қолдау қоры ерекше қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға қолдау білдіреді. Аударылған қаражат мүмкіндігі шектеулі балалардың туған бауырларына психологиялық көмек көрсету мақсатында жұмсалады.

Әйелдерді дамыту қоры 2018 жылдан бастап 800-ге жуық анаға жан-жақты көмектескен. Бала денсаулығына байланысты үйде отырған аналар қор кеңсесіне келіп, кәсіпкерлік, психология негіздері бойынша білім алуға мүмкіндігі бар. Одан бөлек, түрлі шеберлік сағатына қатысады. Бұл уақытта ерекше қажеттілігі бар бала кәсіби күтушінің бақылауында болады. Ол үшін кеңсенің ішінде арнайы балалар бөлмесі ашылған.

«Кез келген ата-ана мүмкіндігі шектеулі балаға ерекше көңіл бөледі. Бірақ оған психологиялық тұрғыдан дайын болмайды. Әдетте бала күтіміне қатысты үйде отырған ана қоғаммен сирек араласып, өзіне деген сенімділігін жоғалтады. Мұндай жағдайда кәсіби шыңдалып, жұмыс істеу мүмкіндігі бола бермейді. Біз осындай жағдайға тап болған аналарға көмектесеміз. Егер ата-ананың жағдайы жақсы болса, баланың да денсаулығы мен көңіл-күйі жақсара түседі» дейді «Mama Pro» қолдау қорының президенті Айжан Альжанова.

Бүгінгі таңда бала диагнозына бағытталған көп орталықтар бар, ал аналар үшін сирек кездеседі. Бұл тұжырымдама біздің қордың басты мақсатын көрсетеді. 5 жылға жуық тәжірибе тек аналарға ғана емес, ағайынды жасөспірімдерге де қолдау қажеттігін түсіндірді. Көп жағдайда олар қоғам алдында өз бауыры үшін ұялады. Көбі назардан тыс қалады, өйткені ата-аналар ерекше баланың қажеттілігіне көп назар аударады, – дейді қор басшысы Гүлсім Семёнова.

«Демеу» қайырымдылық қоры дәл осы пилоттық жобаны іске асыру мақсатында қаражат жинаған. «Балалар – біздің өміріміздің жалғасы. Қайырымдылық қорының «Самғау» командасы үш айға жуық қаражат жинады. 13 адамнан құрылған топ белсенділері қоғамның жобаның тиімділігі мен қажеттілігін түсіндірді. Шыны керек, біздің қоғам мүмкіндігі шектеулі балалардың туған аға-інілері мен апа-сіңлілеріне ешқандай көмек қажет емес деп ойлайды. Түсіндіру жұмыстарының арқасында біз қажетті қаражатты жинадық» деді «Самғау» командасының капитаны Зарина Кенжекар.

«Mama Pro» қолдау қорына аналар сауалнама толтыру арқылы қабылданады. Сауалнама қордың әлеуметтік парақшасы арқылы жүргізіледі. Сондай-ақ ерекше қажеттілігі бар баланың денсаулық анықтамасы қажет етіледі.

Мерей АҚЫЛБЕК,
Л.Гумилев атындағы
ЕҰУ студенті

АЙНАЛАҢ ТАЗА БОЛСЫН ДЕСЕҢ...

Елордалық білім беру ұйымдарында экологиялық шара өткізілді. «Нұр-Сұлтан қаласын қатты тұрмыстық қалдықтардан тазартамыз» деген ұранмен «Байтақ болашақ» экологиялық альянсының Нұр-Сұлтан қаласы филиалы оқушылар арасында байқау ұйымдастырды.

20 сәуірден 20 мамырға дейін созылған акцияға бас қаланың 11 мектебі қатысты. «Байтақ болашақ» экологиялық альянсының Нұр-Сұлтан қаласы филиалының директоры Қанат Нығметжановтың айтуынша, қала бойынша барлығы 6896 келі қоқыс жиналды. «Жыл сайын адамдар экологияның қаншалықты маңызды екенін түсініп келеді. Әсіресе бұл іске мектеп оқушыларының көптеп қатысып, қаламыздың келбетін жақсартуға өз үлестерін қосатыны мені қатты қуантады» дейді ол.

Экологиялық шараның қорытындысы бойынша, үздік нәтиже көрсеткен мектептер марапатталды. №80 мектеп-гимназия – 672 келі, №65 мектеп-гимназия – 558 келі, №1 мектеп-лицей 550 келі қоқыс жинады. Сондай-ақ аталмыш акцияда М.Нәрікбаев атындағы Қазақ мемлекеттік заң университетінің IrBIS эко-клубы 263 келі қоқыс жинап, белсенділік танытты.

№80 мектеп-гимназияның тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Айгүл Жүнісбекова экологиялық іс-шараға тек қана оқушылар емес, ата-аналар да, мектеп ұжымы да белсенді қатысқанын айтады. «Экологиялық акцияға қатысудағы басты мақсатымыз – оқушылардың экологиялық сауаттылығын арттыру, қоқысты дұрыс сұрыптау тәртібіне үйрету. Қағаздарды, шыны бөтелкелерді, пластиктерді бөлек жинаудағы жастардың мәдениетін қалыптастыру» деді Айгүл Жүнісбекова.

Индира БЕРЖАНОВА,
Л.Гумилев атындағы
ЕҰУ студенті

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

ҰҰ Бас хатшысының бірінші орынбасары Амина Мұхаммед 2023 жылы әлем елдерінің азық-түлік дағдарысына тап болуы мүмкін екенін мәлімдеді.

Оның айтуынша, Украинадағы жағдай азық-түлік қауіпсіздігіне қатер төндірген. Дегенмен азық-түлік қауіпсіздігіне байланысты мәселелер әлемдегі пандемия мен локдауннан бастау алып отырған көрінеді.

IPhone смартфонының iOS 16 жүйесіне қазақ тілі енгізілді.

Жаңа нұсқаға пернетақтаға арналған 38 тіл жаңадан қосылды. Олардың ішінде қазақ, қырғыз, моңғол, түрікмен, тәжік, күрд, ұйғыр және өзбек тілдері бар.

Қазақ тілі 2019 жылы ресми тізімге енгізілсе, енді жасанды интеллектің автоматты түрде түзететін функцияларымен іске қосылды.

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ЖЕТІНШІ САЙЛАНЫМНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2022 жылғы **15 маусым күні сағат 09:00-де** Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының жетінші сайланымның кезектен тыс сессиясы шақырылады.

Сессияның қарауына келесі мәселелер енгізіледі:

1. Нұр-Сұлтан қаласының 2021 жылғы бюджетінің атқарылуы туралы есебін бекіту туралы.

2. Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару шарттарының жобаларын келісу туралы.

3. Нұр-Сұлтан қаласының кейбір білім беру ұйымдарына атау беру туралы.

4. Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Тексеру комиссиясының мүшесін тағайындау туралы.

5. Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2021 жылғы 10 наурыздағы №22/2-VII «Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының аппараты» ММ құрылымын бекіту туралы» шешіміне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы.

6. Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты депутатының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы.

Анықтама үшін телефондар: 55-66-35, 55-66-36.

Е.КАНАЛИМОВ,
Нұр-Сұлтан қаласы
мәслихатының хатшысы

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА! ҚҰРМЕТТІ ЕЛОРДА ТҰРҒЫНДАРЫ!

Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты «Денсаулық сақтау ұйымдарының мемлекеттік қызметтер көрсетуі кезінде заңдылықты сақтауы туралы» тақырыбына Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының тұрақты комиссияларының жария тыңдауларының өтетіні туралы хабарлайды.

Жария тыңдаулар 2022 жылғы 13 маусымда сағат 16:00-де мәслихаттың Facebook әлеуметтік желісіндегі аккаунтында онлайн режимінде өтеді.

Байланыс деректері: 55-66-36, maslihat_org@mail.ru

Е.КАНАЛИМОВ,
Нұр-Сұлтан қаласы
мәслихатының хатшысы

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫ МЕН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ЖЕТІНШІ САЙЛАНЫМНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» қаулысына сәйкес, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының тұрақты комиссиялары 2022 жылғы 15 маусымда сағат 10:00-де қалалық мәслихаттың мәжіліс залында (Бейбітшілік көшесі, 11, 220-кабинет) «Нұр-Сұлтан қаласының кейбір құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау туралы» тақырыбына көпшілік тыңдау өткізеді.

Анықтама алу үшін телефондар: 55-66-35, 55-66-36.

Е.КАНАЛИМОВ,
Нұр-Сұлтан қаласы
мәслихатының хатшысы

АЛЛО, «АСТАНА АҚШАМЫ»!

Нұрлан АХМЕТОЛЛА, елорда тұрғыны:

– Мен Яндекс платформасы арқылы такси жүргіземін. Елімізде платформалық жұмыспен қамтуды тану және заңдастыру қолға алынды деп естимін. Жұмыстың қалай жүріп жатқанын білгім келеді.

Оқырман сауалына Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара ДҮЙСЕНОВАНЫҢ жауабын ұсынамыз.

– Қазақстанда 500 мыңға дейін адам платформалық жұмыспен қамтылған. Яғни, азаматтар Яндекс, Убер, Вольт және Глово сияқты түрлі онлайн-платформалар арқылы жұмыс істейді. Мұндай режим тұрғындарға ыңғайлы екені сөзсіз. Алайда оның басты кемшілігі – жұмыспен қамтылғандар үшін әлеуметтік кепілдіктің жоқтығы. Бір сөзбен айтқанда, ондай азамат жұмыссыз қалса немесе жүктілігіне және балалы болуына байланысты жұмысын тоқтатса, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан қажетті әлеуметтік төлем ала алмайды. Осыған байланысты, бұл азаматтарды әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіне тарту үшін, онлайн платформалардың негізгі операторларымен кездесулер өткіздік. Олармен бірге биылғы 1 шілдеден бастап қамту схемаларын пилоттық режимде жүргізу туралы шешім қабылдадық. Жұмыстың нәтижесін жыл соңына қарай ұсынамыз.

БАЗАРДАҒЫ БАҒА ҚАНДАЙ?

10.06.2022 ELORDA.INFO

ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР ТАУАРЛАР ТІЗБЕСІ	«Астаналық» базар	«Әлем» базары	«Шапағат» базары	Көк базар (Шанхай)
Бірінші сортты бидай ұны	335	260	260	325
Бірінші сортты ұннан пісірілген нан	140	120	120	130
Макарон өнімдері	360	235	345	340
Қарақұмық жармасы	670	650	500	650
Тазартылған күріш	400	400	300	360
Картоп	260	280	245	340
Сәбіз	280	300	230	280
Пияз	280	250	245	260
Қырыққабат	300	250	210	250
Қант	650	520	640	660
Күнбағыс майы	950	950	810	800
Сиыр еті	2600	2500	2350	2500
Тауық еті	1245	1200	1100	1485
Пастерленген сүт	275	310	270	400
Айран	310	285	290	400
Сары май	1000	1800	1800	800
Тауық жұмыртқасы	35	40	40	38
Ас тұзы	80	200	200	80
Сүзбе	1100	1200	750	1000

№68 (4346) 11/06/2022 Сенбі

ЖАҢАРУДЫ ҚОЛДАП, ДАУЫС БЕРДІК

Бұрынғы ата-бабаларымыздың «Елу жылда – ел жаңа, жүз жылда – қазан» деген сөзін естіп өстік. Бірақ бүгінгі жаһандану заманындағы техникалық прогрестің өркендеуіне қарай аталарымның сөзін өзгертіп, «Жиырма бес жылда ел жаңа» деп замандастарыма айтып жүрмін.

Шындығында, адамзат баласы өзінің тарихи даму сатысында қауымдасудың бірнеше сатысын басынан өткізді. Өзінің тұрмыс жағдайын, болмысын жақсартуға және құрған қоғамының саяси-экономикалық қатынастарын жетілдіру жолында адамзат баласы әртүрлі реформа - бейбіт өзгерістер мен революциялық қантөгіс арқылы өткенін білеміз. Қоғамның даму барысының белгілі бір кезеңінде саяси-экономикалық жүйе ескіре бастауы қарама-қайшылықтарға әкеледі. Осындай өтпелі сын кезеңде қоғамдық сананың қандай деңгейде болғанына сәйкес ескірген қоғамнан жаңа қоғамның дамуына өту екі жолмен, не реформа, не революция арқылы жүреді.

Аллаға шүкір, Тәубә дейміз! Біздің қазақ еліміз тәуелсіз ел болып, іргесін бекітіп, етек-жеңін жинап, отыз жылдай өмір сүргеннен кейін жаңа белеске - «Жаңа Қазақстан» даму жолына реформа арқылы түсуге бел байлады.

Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаевтың ұзақ жыл басқаруымен болған ел билігі заңды түрде, сайлау арқылы халықтың қолдауымен Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевқа өткеннен кейін еліміздің саяси-экономикалық өмірінде рухани жаңғыру мен жаңару басталды. Өткен отыз жылда жасалынған игілікті істерді, халқымыздың жанқиярлық еңбегі ескеріле отырып, қоғамымыздың ілгері басуына кедергі болған күрделі кемшіліктер мен қателіктердің беті анық ашылып, жария бола бастады. Мемлекеттік басқару жүйесі мен қарапайым халықтың арасындағы түсінбеушілік пен алшақтық жойылды. Билік халық үніне құлақ асты.

Еліміздің Ата Заңы - Конституцияға өзгерістер енгізуге даярлық жүргізіліп, халықтың ұсыныстары ескеріле отырып, заңгерлерден құралған комиссия жұмыс істеді. Бірақ та, қоғамдық пікірді саралайтын болсақ, ең көп айтылған ұсыныстар – Конституциядағы 7-баптың 2-тармағындағы орыс тілі - ресми тіл деген тармақты алып тастау. Мемлекеттік тіл – қазақ тіліне толықтай басымдық беру жөнінде ұсыныстар неге ескерілмеді деген реніштер көп болды. Осыған қарамастан бұл ұсыныс конституциялық өзгеріске енгізілмесе де, мемлекет құраушы ұлт - қазақ ұлтының өкілі ретінде түсіністікпен қарауға, аз да болсын жұртшылық арасында түсіндіру жұмысын жүргіздім. Кешегі еліміздің Тәуелсіздігіне қауіп төндірген қаңтар оқиғасы, Ресей-Украина соғысы, дүние жүзіндегі саяси ахуалдың ушығуына байланысты Конституцияның 7-бабындағы 2-тармақтың қалуы дұрыс шешім болды.

Уақыт өте дүние жүзіндегі саяси ахуал ойлағанымыздай жақсарса,

ана тіліміздің мәселесі оң шешімін табады деген ойдамын. Ол үшін қазағымның тікелей өзінің ұлттық рухы мен санасын жасы мен орта буын, кейбір аға буын өкілдерімен ұлттық идеологиялық бағыттағы тәрбиелеу жұмысын барынша өрістету қажет. Бізде ұлттық тәрбие ақсап тұр десем, артық айтпағаным. Үйдегі бесік тәрбиесі өз алдына, ең бастысы, балабақша мен білім мекемелеріндегі ұлттық тәрбиенің өз дәрежесінде болмауы бізге кедергі келтіріп тұр. Елімізде ішкі саясат бөлімдері мен басқармалары, тіпті жоғарғы басқару буындардағы ішкі саясатпен айналысатын мамандардың бойында ұлттық рух, ұлттық сана, менталитет дейміз бе, әлсіз дегім келеді. Кешегі патшалық отарлау мен Кеңес заманының бойымызға сіңірген ұлтымызға жат ойлау жүйесі мен құлдық психологиядан толық айықпай отырмыз.

Референдум өткізу барысында, жастардың, тіпті орта буын өкілдерінің референдум өткізудің, оған не үшін қатысып, қалай дауыс берудің мәнісін білмегендерін байқадым. Кейбір учаскелерде сайлауға қатысатын тізімдегі азаматтардың 50-60 пайызы референдумға қатыспады. Бұл – біздің идеология саласындағы жұмыстарымыздағы жіберген кемшіліктеріміздің айғағы. Жасым келіп, егде тартып қалсам да, «Жаңа Қазақстанның» даму жолына бағытталған конституциялық өзгерістерді қолдап, референдумның әділ, ұйымдасқан түрде өтуі үшін «Мұқалмас» республикалық қоғамдық бірлестігі атынан байқаушы ретінде №77 мектепте орналасқан 107 референдум учаскесінде болып, жоғарыдағы кемшіліктерді байқадым. Тағы бір байқағаным, мен барған учаскеде басқа да бақылаушылар «Найза ЕНС» Қазақстан Ассоциациясы, «Даму», «Жастар үні» сияқты біздің елдегі жаңбырдан кейін қаптап кеткен саңырауқұлақтар сияқты қоғамдық бірлестіктің өкілдері референдумды бақылаушы болып отырды. Тек таңқалғаным, жоғарыдағы бақылаушы болып отырған партия, ұйым өкілдері көбі жастар, референдумның қорытынды есебін, қанша адам қатысып, «иә» немесе «жоқ» деген қорытынды шығаратын уақытында комиссия жұмысын бақыламай кетті, тек мен ғана зейнеткер «Мұқалмас» бірлестігінен сопиып жалғыз қалдым. Сонда басқа бақылаушы ұйымдар референдумның өтуін, қорытындысын толық бақыламай кеткені мен үшін өте өкінішті болды.

Несіне осындай қоғамдық ұйымдар құрылады екен, олардың өкілдерінің қолында арнаулы жабдықталған папкасы бар, бір сөзбен айтсақ, қаражат жағынан жабдықталған сияқты. Ал «Мұқалмас» сияқты бақылаушы қоғамдық бірлестіктің өкілдері бақылау жұмысына қажетті арнаулы құралдары болмаса да, референдумның әділ, ұйымдасқан, заңды түрде өтуіне көмек жасады. Сондықтан алдағы уақытта сайлауды өткізу кезінде халықтың атынан әділ бақылау жүргізетін қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік грант арқылы қаражат бөлінсе, сонда түк бітірмейтін кейбір бақылаушыларға сабақ болар еді.

Біздің ішкі саясатпен айналысатын мемлекеттік органдар елімізде жүздеп құрылған қоғамдық бірлестіктер жұмысына нақты сараптама жүргізіп, қай бірлестіктен ұлт мүддесі мемлекет мүддесі үшін жұмыс істетінін білгені дұрыс болар еді. Кейбір қоғамдық бірлестіктер саяси маңызы бар референдумды әділ, ұйымдасқан түрде өткізілуіне ат салыспады. Бұл – ойланатын саяси жағдай.

Жоғарыдағы байқаған кемшіліктерге қарамастан, өзім байқаған №77 мектеп- гимназияда орналасқан №107 референдум өткізу комиссиясы әділ, заңды түрде жоғарғы деңгейде жұмыс істеді деген қорытындыға келдім. Комиссия құрамындағы төраға осы мектептің директоры екен, мұғалімдерімен бірге референдумның жоғарғы деңгейде еңбек етті. Кейбір интернет басылымдарында өткен сайлауларда бюджеттік қызметкер мұғалімдерден құралған комиссия мүшелеріне сенімсіздік білдіріп жататын. Сондықтан референдум өткізу барысында өзім қатысқан учаскедегі жағдайға қарап, қоғамдағы сайлау жүйесінің жаңарғанын, әділдік, заңдылықты сақтау оң өзгеріске ұшырағанын байқадым.

Білім саласы жаңарып, ұстаздар беделі нығаюда. Тәуелсіз Қазақстан халқы жаңаруды қолдап дауыс берді. Еліміздің бірлігі мен ынтымағына іріткі салмақшы болған арам ойлы сыртқы және ішкі күштер референдумның өтуіне қарсылық танытуды ұйымдастырмақшы болып, әрекет етсе де, халқымыз саяси-экономикалық реформаларды жақтап, екінші жалпыхалықтық референдумда ұсынылған конституциялық өзгерістерді 80 пайызға жуығы қолдап шықты. Бұл «Жаңа Қазақстан» құруға берілген оң баға, шынайы демократияны жақтаған, рухани жаңғыру мен жаңаруды аңсаған қазақ ұлтының заңды талабының орындалғаны деп білемін.

Қажымұрат НӘСИҰЛЫ,
ҚР Білім беру саласының үздігі,
ардагер ұстаз

Дархан МЫҢБАЙ,
Парламент Мәжілісінің депутаты:

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

– Өзгерістер күткен еліміздің азаматтары референдум арқылы өз ерік-жігерін әлемге жария етті. Қатысушылардың 77,18 пайызы жаңарған Конституцияны қолдады. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ-ның Референдумды бағалау жөніндегі миссиясының басшысы Тамаш Месерич осынау саяси шараны ұйымдастырушыларға референдум комиссияларының барлық деңгейлерінде тиімді өзара іс-қимыл жасағаны үшін алғыс айтты, алдағы уақытта тығыз ынтымақтастығын жалғастыруға дайындығын растады. Шанхай ынтымақтастық ұйымынан, Түркі мемлекеттер ұйымынан келген, өзге де халықаралық байқаушылар қатысып, еліміздегі жағдайға қанық болды.

Бұл жолы қашанда жаңалыққа құмар халқымыздың ішінен, әсіресе жастардың ынтасы ерекше болғанын атап өткен жөн. БАҚ-та жарияланған дауыс беру қорытындысы тек цифр мен пайыз болып қалмасын десек, қоғамды түзеуге деген құлшыныс, адам құқығын сақтау, соның ішінде еңбек адамына деген құрмет, сайлау туралы, өзге де заңнаманы Конституцияға сәйкестендіру, оны бұлжытпай орындау бір сәт те ұмыт қалмауға тиіс. Өйткені халық сыны қатесіз.

Ал Ата Заң – елдіктің өлшемі. Кезінде «Жеті жарғыны» қабылдағаннан кейін әз Тәуке хан атақты билерден: «Дауға билік айтқанда, алдымен жасы үлкеннің бастауы, жасы кішінің қоштауы жөн бе, әлде жасы кіші бастап, жасы үлкеннің қоштауы жөн бе?» деп сұрапты.

Сонда бұл сұрақтың сын екендігін ұққан Төле би бабамыз:

«Төбеде тұрған кісі төрт жағын түгел көргенде, төменде тұрған екі жағын, беткейде тұрған бір жағын әрең көреді. Сондықтан жасы үлкеннің, оңы мен солын, алды-артын болжаған ағаның алдымен билік айтқаны дұрыс қой» деген жауабы қай заманда да көкейде тұрса, ата-дәстүрден айнымайтын шығармыз.

Олай болса, елімізде дәстүрді жаңғырту бағытында Ұлттық құрылтайдың құрылуы да халықты мемлекет ісіне тартуға мүмкіндік береді.

Одан басқа жаңа құрылымдар – Конституциялық сот, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, Жоғары Аудиторлық палата өз дәрежесінде елімізде әділеттілікті орнатуға барынша атсалысуға тиіс деп ойлаймыз. Конституциялық реформа жауапкершілігін мойнына алған биліктің барлық тармақтары өздеріне жүктелген орасан зор міндеттерді адал орындау арқылы ғана елімізді өркендетіп, дамытуға үлес қоса алады.

Әлия ӘУБӘКІРОВА,
«Диалог-Астана» ҚБ төрайымы:

ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМ ҚҰРАМЫЗ

– Референдум – тікелей демократияның маңызды институты. Бұл – мемлекет үшін және әрбір жеке азамат үшін шешім қабылдау тәсілдерінің бірі. Қаңтардағы оқиғалар Конституцияға түбегейлі өзгеріс енгізбесе «Жаңа Қазақстан» болмайтынын түсіндірді. Сондықтан ұсынылған Конституциялық өзгерістер бәріміз үшін дұрыс болады деп ойлаймын. Сол үшін де референдумда дауыс бердім. Бұл өзгеріс азаматтардың құқықтарын тиімді қорғауды күшейтуге тиіс.

Жалпы Конституциялық өзгерістерді қоғам күтіп отыр. Біздің азаматтарымыздың құқықтарының күшеюіне аз уақыт қалды деп ойлаймын. Себебі мемлекетіміз әділетті қоғам құруға ниетті.

Аға буын өкілдері таңғы 7-ден бастап, сайлау учаскелеріне келіп, таңдауын жасады. Қала тұрғындарының бала-шаға, немерелерімен бірге дауыс беруге келгендерін көріп, қатты қуандық. Әсіресе, балаларымен келген жас отбасылар көп екенін байқадық. Сайлау учаскелерінде Қырғызстан, Ресей, Белоруссия, Германия, Корея, Түркия және ТМД елдерінің халықаралық бақылаушылары болды. Сондай-ақ 5 маусымда дүниеге келген сайлаушыларға, бірінші рет дауыс беруге келген тұрғындарға сыйлық берілді.

Сайлау учаскелеріндегі жұмыстың алғашқы сағаттарынан бастап қарқынды жұмыс жүрді. Тіпті, ерекше қажеттілігі бар сайлаушылар үшін жылжымалы комиссия ұйымдастырылды. Яғни үйлеріне барып, арнайы дауыстарын беруге мүмкіндік туды.

Конституцияға өзгерістер алғаш рет жалпыхалықтық референдум арқылы енгізілді. Ал бұл – дамыған демократиялық қоғам құру жолындағы маңызды қадам.

Шерзод ПУЛАТОВ,
өзбек этномәдени орталығының төрағасы, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі:

ХАЛЫҚТЫҢ СЕНІМІ МЕН ҮМІТІ

– Референдум сайлауында қоғамдық бақылаушыларға жетекшілік еттім. Менің тобыма Қазақстан халқы Ассамблеясының бақылаушылары кірді. Биыл этномәдени орталықтардың өкілдері референдумға белсенді қатысқанын атап өткім келеді. Өзбек орталығынан әртүрлі учаскеге 10 өкіл жіберілді.

Жалпы алғанда, біздің бақылаушылармен кездесіп, әңгімелескенімде, өте көп адам дауыс беруге келгенін байқадым. Олардың барлығы өзгерістерге, Президентке және «құлақ асатын мемлекет» қағидасына сенетіні мені таңғалдырып, қуантты. Бұл шешімдердің нәтижесінде адамдардың 80 пайызға жуығы дауыс беріп, референдум өтті деп есептелді. Осы жұмыстың нәтижесінде қала тұрғындарының сенімі мен үміті ақталады деп ойлаймын.

Бақылаушы ретінде көргеніме көңілім толды. Азаматтардың белсенділігі қуантты. Кейбір учаскелерде ғимаратқа кіреберісте кезек жиналды. Менің учаскемде дәл осындай жағдай орын алды. Адамдар мемлекет тағдырына бейжай қарамай, басқарушы жүйесі мен кадрлары, мемлекеттік қызметкерлері жаңарған Қазақстанды көргісі келеді. Егер осы жолмен жүре берсек, алдымызға қойған мақсаттарға жетеміз деп ойлаймын. Президент «Күшіміз – бірлікте» деп айтты. Референдум соған айқын көз жеткізді, халық Мемлекет басшысымен бірге және оның бастамаларын қолдайды.

Кез келген мемлекеттің әлеуметтік әлеуетін халқының жұмыспен қамтылу белсенділігі айқындайды. Себебі елдің экономикалық өсуіне жұмыссыздықтың айтарлықтай әсер ететіні белгілі. Ал қоғамда білікті кадрларды дайындап шығарудың негізгі жолы – жоғары оқу орнында білім алу. Бірақ бүгінде төрт жыл білім алып, оқуды аяқтағандардың көпшілігінің құжаты шаң басып жарамай қалғаны жасырын емес.

Halyqline.kz

ЖАСТАРҒА ЖҰМЫС ТАБУ НЕГЕ ҚИЫН?

Еліміздің бас қаласында да жұмыспен қамту өзекті мәселелердің бірі. Осыған байланысты елордада арнаулы жұмыспен қамту орталықтары ашылып, бос орындар жәрмеңкесі ұдайы өткізіліп тұрады. Мәселен, өткен жылы Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Халықты жұмыспен қамту орталығы жұмыс іздеген 18874 азаматты қабылдап, олардың 11234-ін жұмысқа орналастырған. Оның 7027-сі – тұрақты жұмыс. Дегенмен, бұл көрсеткіштің ішіне үңілетін болсақ, екі қолға бір жұмыс тапқандардың арасында оқыған мамандығы, алған дипломы бойынша жұмыс тапқан жастардың саны өте аз. Екінші тұрғыдан алғанда, жоғары оқу орындарын тауысқан жастар мұндай бос орындар жәрмеңкесіне көп келе бермейді. Себебі бұл жұмыс орындарының, салыстырмалы түрде айтқанда, еңбекақысы төмен. Оның үстіне жастар жан қинамайтын, компьютер алдында ғана отырып істейтін жұмыстарға жаны үйір. Ауыр жұмыс істеп, қиналғысы келмейді. Міне, бұл мәселелерде жастардың кәсіптенуіне өз салқынын тигізіп тұрғаны жасырын емес.

Оқуын оқығанымен, қазіргі таңда дипломды қалтаға салып алып, әр жерге тамақ жеткізіп, нан табатындардың, я болмаса дүкен сөрелерін жинап жүргендердің саны жетіп артылады. Бұл көрініс көргеннің көкейінде бір ғана сұрақ туындайды. Сонда төрт жыл білім алудың маңыздылығы қанша? Мәселенің мәнісі тереңде жатыр. Тәрбие басы – отбасы демекші, оқуын тәмамдаған жастардың бүгінгі жағдайы ата-аналарына да қатысты екенін айта кеткен жөн. Өйткені мектеп табалдырығынан түлеп ұшқан бала ата-анасының қалауындағы мамандықты таңдап, кейін аңсары аумаған кәсіппен айналысуға қауқары болмай, тағы қиналады. Иә, әйтеуір балам диплом алуы керек деген пікір менталитетімізге әуелден-ақ сіңіп кеткен. Қайта баланың қарым-қабілетін ескеріп, сүйікті ісімен айналысуына ата-анасы қолдау білдіргені абзал.

Дипломын бүгін ғана қолына ұстаған жас мамандар қай жұмысқа бармасын, еңбек тәжірибесі болмай, қалаған жұмыс орнына орналаса алмайды. Жұмыс берушілер тек дайын мамандарды қабылдап, олардан бірнеше жылдық еңбек тәжірибесін талап етеді. Бұл қисынға сыймайды, барлық жұмыс берушілер жұмыс тәжірибесі барларды ғана алса, жас мамандарды кім тәрбиелейді? Жастарды жұмысқа тартып, болашақ мамандарды тәрбиелеуге ден қоймасақ, олардың болашағын қалай айқындаймыз?! Осы тұрғыдан шетелдік мысалдарды саралайтын болсақ, Еуроодаққа мүше елдердің жұмыссыздыққа қарсы бағытталған нәтижелі бастамаларының бірі – «Жастарға кепілдік» бағдарламасы. Аталған бағдарлама 15 пен 25 жас аралығындағы оқуын аяқтаған студенттерге арнайы тағылымдамадан өтіп, төрт айдың ішінде жұмысқа орналасуға мүмкіндік береді. Осы уақыт аралығында болашақ маман арнайы тағылымда барысында жаңа дағдыларды игеріп қана қоймай, теория мен практиканы ұштастыру арқылы алғашқы жұмыс орнына орналаса алады.

Елімізде оқу орны түлектерін қолдау мақсатында бірнеше бағдарламалар бар. 2020 жылдан бастап нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында «Жастар іс-тәжірибесі», «Алғашқы жұмыс орны» бағдарламалары енгізіліп, жүзеге асырылуда. Екі бағдарлама жұмыссыздық мәселесіне қатысты болғанымен, жалақы мөлшері мен жұмыспен қамтылу уақыттарында айырмашылық бар. «Алғашқы жұмыс орны» бағдарламасы бойынша жұмыс ұзақтығы 18 айдан аспайды. Жалақы кемінде 30 айлық есептік көрсеткішті (АЕК) құрайды. «Жастар іс-тәжірибесі» жобасына қатысушылар 6 ай бойы 25 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) көлеміндегі еңбекақы алу мүмкіндігіне ие. Десек те, мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылып жатқанның өзінде нәтиже көңіл көншітпейді. Жыл сайын дипломды жастар жұмыссыздық мәселесіне қайта айналып келе береді, келе береді...

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ағымдағы жылдың 11 қаңтар күнгі Үкімет отырысында әлеуметтік-экономикалық салалардағы мәселелерге баса назар аударып, соның ішінде жастар арасындағы жұмыссыздық мәселесіне де тоқталып өтті. «Жұмыссыздық деңгейін түсіруге ерекше назар аудару керек. Әсіресе, жастар арасында. Жоғары оқу орындарының, колледждердің түлектері, әсіресе, білімі жоқ жастардың тұрақты жұмысқа орналасу мүмкіндігі әрдайым бола бермейді. Мұны біз жақсы білеміз. Кездейсоқ нәпақамен күн көріп жүр. Кейбіреулері табыс іздеп жүріп заңнан аттап кетуі мүмкін» деп, әлеуметтік өсудің негізгі тетіктерінің бірі жастардың жұмыспен қамтылуы екенін баса айтты.

> Ресми деректерге сүйенсек, **2021** жылы Қазақстанда **15-28** жас аралығындағы жұмыссыз жастардың жалпы саны **77500** адамды құрады. Оның ішінде жұмыссыз жүрген бойжеткендердің саны басым.

Ресми деректерге сүйенсек, 2021 жылы Қазақстанда 15-28 жас аралығындағы жұмыссыз жастардың жалпы саны 77500 адамды құрады. Оның ішінде жұмыссыз жүрген бойжеткендердің саны басым. Оның да мәнісі түсінікті. Дипломды қолға алысымен, қыз-келіншектер тұрмыс құрып, ата атануға асығады, не болмаса жеке кәсіп ашып жатады.

Нарықтың талабы мен сұранысын ескерсек, көп жағдайда мамандық бойынша жұмыс жасамайтын студенттер еңбек нарығында сұранысқа ие экология, экономика, құрылыс және өзге де салаларға бара бермейді. Ал үкімет тарапынан осы салаларға грант саны жылдан-жылға өсіп жатыр. Соның бір мысалы – ауыл шаруашылығы мамандығы. Елді мекендерде, ауылдарда ветеринар, зоотехник, агроном, инженер секілді мамандар тапшы. 2021-2022 оқу жылына Білім және ғылым министрлігі тарапынан 1895 грант бөлінгенін ескеру керек. Алайда қаладан гөрі ауылды жерлерде жалақының аздығы, әлеуметтік инфрақұрылымның жеткілікті деңгейде дамымай тұрғандығы, жас мамандардың баспанамен қамтылмауы деген сынды мәселелер оқу бітірген түлектерге мамандық бойынша еңбек өтілін ауылда өтеуге қиындық туғызып тұр. Грант саны көп, болашақ маманы аз болғанымен, ауыл шаруашылығы мамандығына басымдық берген дұрыс. Тек аз-маз кем-кетігі түзеліп, оған жаңа ойлы, креативті жастар көбірек тартылса, мәселе шешімін таппақ.

Мектеп бітірген түлектердің еңбекке орналасу деңгейі – жоғары оқу орны рейтингін анықтайтын негізгі көрсеткіштердің бірі. Білім ордаларындағы еңбекке орналастырудағы тәрбие бағытының жүзеге асырылуы негізінде түлектердің еңбекпен қамтылу көрсеткіші аз да болса ілгері жылжып келеді. Соңғы екі жыл ішінде ЖОО түлектерін жұмысқа орналастыру деңгейі 74%-дан 77%-ға дейін өсті. Мысалы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Самұрық-Қазына» АҚ, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ, «Электронды қаржы орталығы» АҚ, Қазақстан Мұнай-газ-энергетика кешені ұйымдарының қауымдастығы және т.б. жұмыс берушілермен 1000-ға жуық келісімге келді. ЕҰУ-де болашақ кадрларды даярлауға, студенттердің өндірістік практикадан өтуіне және түлектердің жұмысқа орналасуына бағыт-бағдар беретін Жұмыс берушілер кеңесі жұмыс істейді. Сондай-ақ оқу орны студенттері мен түлектері үшін жыл сайын бос орындар жәрмеңкесін өткізеді.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметіне сүйенсек, бүгінде жалпы жұмыс күшінің 60%-ын миллениалдар мен Z буыны құрайды. Министр Тамара Дүйсенованың айтуынша, жастарды еңбекпен қамту бос жұмыс орындарына онлайн жәрмеңке өткізу арқылы қолға алынады. «Биыл мамыр айында ERG компаниялар тобымен бірлесіп, білім беру ұйымдарының түлектерін және 35-ке дейінгі жастарды жұмысқа орналастырудың онлайн-жәрмеңкесі қанатқақты режимде өткізілді. Компания 350 жұмыс орнын ұсынды. Бір аптаның ішінде жұмыс берушінің талаптарына сәйкес келетін 159 жас іріктеуден өтіп, жұмысқа қабылданды. Олардың арасында еліміздің барлық өңірінің өкілдері бар» деді Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі.

Жұмыс істеймін деген жан үшін екі қолға бір күрек табылары сөзсіз. Білім емес, диплом үшін оқып жүргендер шын білімдінің жерде қалмайтынын түсінгені абзал. Елім маған не істей алады деп емес, мен елім үшін не істей аламын дейтін алаш баласының түптің түбінде маңдай терімен тапқан адал еңбегінің наны тәтті болмақ.

Индира БЕРЖАНОВА,
Л.Гумилев атындағы ЕҰУ студенті

ПАТРИОТИЗМ ТУРАЛЫ ЖАҢА САБАҚ

Жаңа оқу жылынан бастап Қазақстанда мектеп оқушылары «Патриотизм және жаһандық құзыреттер» атты курстан өтпек. Бұл туралы Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясының президенті Мәдина Тыныбаева мәлім етті.

«Патриотизм және жаһандық құзыреттер» атты курс 5-11 сынып оқушыларына арналған. Оның мақсаты – баланың талдау қабілеті мен шеберлігін дамыту. Бүгінде жаңа жоба өңірлік әдістемелік орталықтарға танысу мақсатында жіберілді. Сол сияқты жаңа курсқа қатысты түсіндіру жұмыстары жүріп жатыр» деді Мәдина Тыныбаева ҚР Білім және ғылым министрлігінде өткен аппарат жиналысында.

Оқушыларға арналған жаңа сабақ 2022-2023 оқу жылында қолданысқа енгізілмек. «Патриотизм және жаһандық құзыреттер» курсы 5-11 сыныптарда келесі салаларды қамтиды: қаржы сауаты және кәсіпкерлік негіздері, азаматтық, парасат пен әдеп, экология мәдениеті, сыни тұрғыдан ойлау, зайырлылық және дінтану негіздері, медиасауат. Бұған дейін министр Асхат Аймағамбетов аталған жиында мектептердегі ата-аналар жиналысын өткізу форматын сынға алған еді.

Мерей АҚЫЛБЕК,
Л.Гумилев атындағы ЕҰУ студенті

ҰБТ-да ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІС БАР?

Биыл мектеп түлектері Ұлттық бірыңғай тестілеуге тегін қатысады. Ал өзге тұлғалар үшін қатысу құны – 4 230 теңге.



Тест тапсыруға екі рет мүмкіндік беріледі. Бірақ талапкер бейінді пәндерді ауыстыра алмайды. Егер бірінші сынақта «математика, физика» пәндерінен тапсырса, демек, екінші мүмкіндігінде де осы пәндерден тест тапсыруға міндетті. Тестілеудің бірінші мүмкіндігінде ереже бұзған талапкер екіншісіне жіберілмейді. Нәтижелері бірден жойылады. Гранттық конкурсқа да қатыса алмайды.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қосымша 40 минут беріледі. Әрбір тест тапсырушының жеке тест нұсқасы болады және таңбаланады. Сондай-ақ ҰБТ «1 компьютер – 2 камера – 1 тестіленуші» қағидаты бойынша жүргізіледі.

ҰБТ үш міндетті және екі таңдау пәндері бойынша өтеді. Ең жоғарғы ұпай – 140. Тестілеуге 4 сағат уақыт беріледі.

Елордалық түлектер үшін биыл әкім гранты бөлінеді деп жоспарланып отыр. Бұл туралы Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сеңгазыев мәлім етті. Қалада мұғалім және дәрігер мамандығына сұраныс көп. Атап айтқанда, бастауыш сынып мұғалімдері, мектепалды даярлық тобының мамандары бойынша 2500-ге жуық педагог қажет. Осыларды ескеріп, әкімдік атынан педагогика саласына 1000 грант, медициналық салаға 250 грант бөлінеді.

Егер мектеп бітіруші түлек ЖОО-ға түсе алмай қалса, колледжге бара алады. Колледжде белгілі бір мамандықты 10 айда меңгеріп, нарыққа шығып, жұмыс істей алады. Бұдан бөлек, 1 жыл 10 ай ішінде техник мамандығын оқуына, әрі қарай ЖОО-ға түсіп жалғастыруына да болады. Бірақ барлық мамандық бойынша грант қарастырылмаған. Колледжден бөлек, қысқа мерзімді курстар да дайын тұр. Яғни қазіргі таңда 132 қысқа мерзімді курс бар. Жұмыспен қамту орталығына барып, жұмыссыз боп тіркеледі. Сол арқылы тегін оқып, сертификат ала алады.

Баян АСЫЛБЕКОВА

№68 (4346) 11/06/2022 Сенбі

Соңғы кезде әскердегі сарбаздардың арасында өлім-жітім жиілеп кетті. Ай сайын бір отбасы қара жамылып жатады. Соғыс жоқ, бейбіт заманда. Содан болар бұл мәселеге Мемлекет басшысының араласуына тура келді. Қ.Тоқаев осындай келеңсіздіктердің себебін тергеп-тексеру, әскери қызметшілер арасындағы заңсыздықтарды жою және келешекте әскердегі мұндай теріс іс-әрекетті болдырмау үшін Президент көмекшісі – ҚР Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы Ғ.Нұрдәулетовтің басшылығымен арнайы комиссия құруды тапсырды.

ӘСКЕРДЕГІ ӨЛІМ ӨРШІ БЕРЕ МЕ?

Қаза қашан да ауыр. Ол бейбіт күнде және уыздай жастың өлімі болса ше? Оның өкініші одан сайын өзекті өртей түспек. Айдың-күннің аманында ұлынан айырылып, қара жамылатындай ата-ана не жазды?

Жалпы елдің қауіпсіздігімен қатар, жеке жауынгердің де есендігіне тікелей жауапты ҚР Қорғаныс министрі, генерал-полковник Р.Жақсылықов не дейді? Ол күні кеше ғана Парламент қабырғасында журналистерге берген сұхбатында бұған тек армия ғана кінәлі емес деген сыңайда уәж айтты. Сөзбе-сөз келтірейік: «Біріншіден, жастардың өз-өзіне қол жұмсауының себебін түсінуіміз керек. Өйткені кінәлі тек армия емес. Ол өз әскери борышын өтеуге келгені анық, осы ретте командир әскери қызметшілердің өміріне жауапты, бірақ әр сарбаз ересек адам, азаматтық қоғам өкілі, бізге ол өз проблемаларымен келеді».

Ал Бауыржан Момышұлының осы мәселеге қатысты ойы министрдің пікірімен мүлде қабыспайды. Өзінің «Соғыс психологиясы» шығармасында (қазақшасы «Қанмен жазылған кітап» деп аталады) даңқты қолбасшы былай дейді: «Әскери тәрбие проблемасы – бұл жөргекте жатқан кезден бастап, найзаласқан қоян-қолтық айқасқа дейінгі аралықта жүргізіле беретін тәрбие проблемасы. Ата-ана тәрбиесі мектеп жасына дейінгі тәрбиенің ең басты сатысына, кезеңіне саяды. Мектеп тәрбиесі, қоғамдық-жастар тәрбиесі – адамның қалыптасуындағы ең басты кезең. Адам қоғамдық тәрбиеге ақтық демі біткенше мұқтаж болады, қажет етеді. Ересек адамға тәрбие беруді жалғастырудың қажеті жоқ деушілік – мүлдем қате!».

Министр мырза бұған дейін «Патриот болу үшін мемлекеттік тілді білу міндет емес» деп айды аспанға шығарғанда да, «өкпелесең, көшіп кет...» деп жанынан жаңа мақал жасағанда да үндемеп едік. Бұл жолы шыдай алмадық.

Жауапкершілікті бөлісу, кемшілікті мойындау да ерлік, егер ол қолдан келсе. Ең оңайы – қоғамға, отбасы тәрбиесі мен мектепке сілтей салу. Мұнда да түйінді түйткіл жетерлік. Бірақ қазіргі әңгіме әскери ұжымдағы нашар ахуал, оны реттеудегі командирлердің дәрменсіздігі туралы болып отыр. Нағыз командир қан майданның өзінде де әрбір сарбазының өмірін сақтауға тырысқан. Ал бейбіт уақыттағы адам шығынының жиілеуі армияға әсте абырой әпермесі анық.

Әскери бөлімде, командирден бөлек, оның бірнеше орынбасары, тәрбиеші-офицерлер мен психолог мамандар бар. Ұжымдағы атмосфераны, сарбаздардың өзара қарым-қатынасын жіті зерттемей, келеңсіз жағдайдың алдын алмай бұлар қайда қарайды?

Осы жерде енді не істеу керек деген сұрақ туындайды. Әскери сарапшылар мұны талай айтып жүр, мен тағы да қайталап айтайын, әуелі әскери білім беру жүйесін жөнге келтіріп, сапасын арттыру керек. Себебі оның деңгейі сын көтермейді. Жоғары әскери оқу орындарына қабылдау барысында үміткерге қойылатын талап басқа азаматтық жоғары оқу орнымен салыстырғанда әлдеқайда төмен. Әйтеуір ол ұлттық бірыңғай тестілеуден өтіп, қажетті балл алса болды. Әлбетте, шала-пұла оқыған курсанттан шикілі-пісілі офицер шығады. Ондай маманға адам тағдырын қалай сеніп тапсыруға болады?

> Әлбетте, шала-пұла оқыған курсанттан шикілі-пісілі офицер шығады. Ондай маманға адам тағдырын қалай сеніп тапсыруға болады?

Әскердегі жемқорлық – әбден жауыр болған тақырып. Біз бір ғана мысал келтірейік. Осы жылдың наурыз айында «Караван» газетінде бұрынғы бригада командирі, полковник Асхат Әбдуваитовтың жан айқайы шықты. Ол өз сұхбатында гарнизондағы әскери құқық қорғау органдары басшыларының тұрақты түрде ақша талап етіп келгені, мұның жүйеге айналып, қанға сіңіп кеткені жайлы шындықты жайып салды. Солардың құлқынын тойдыру үшін қарамағындағы әскери қызметшілерден «жылу» жинағанын да жасырмады. Осы әрекеті үшін жауапқа тартылып, полковник дәрежесі қатардағы жауынгерге дейін төмендеді. Артынша аталған газетте әлгі ақша бопсалаған лауазымды адамдардың аты-жөні анықталып, енді олардың ісімен тиісті органдар айналысып жатқаны туралы жазылды. Бұл – бір гарнизондағы беті ашылған жағдай. Басқа әскери бөлімде қаншама заңсыздықтың жабулы қазан жабулы күйде қалғанын кім білсін...

Біз Баукеңді бекер ауызға алған жоқпыз. 2016 жылы Израиль тарихшысы Арон Шнеердің В.Путинмен кездесуінде сөйлеген сөзін қаз-қалпында, түпнұсқада келтірейік:

«В 1946 году на иврит была переведена книга Александра Бека «Волоколамское шоссе». Создаётся новое государство – молодое израильское государство, эта книга вручается каждому офицеру израильской армии вместе с оружием. Это было не только учебное пособие, но и, как говорили, руководство к действию. Это урок истории, другая армия, другая война, но которая является примером мужества, героизма, на чём воспитывалась тогда молодая израильская армия».

Б.Момышұлының артында қалған мол мұрасы, оның ішінде әскери өнерге қатысты еңбектері біздің әскери оқу орындарында жүйелі түрде оқытыла ма, жоқ па, ол жағын білмедім. Әй, оқытылмайды-ау. Сол себепті соғыс психологиясын, әскери адамның мінез-құлқын жан-жақты ашып көрсеткен Б.Момышұлының «Қанмен жазылған кітабын» біз де әрбір әскери жауынгерге қарумен бірге тапсыруымыз керек. Жасыған рухын көтеру үшін!

Тағы да Баукеңе жүгінейік: «Әскери тәрбиенің басты мақсаты – жауынгердің бойында әскери қызметтің, жауынгерлік өмірдің қиындығы, мұқтаждығы мен ауыртпалығын жеңе алатындай қабілетке тәрбиелеу, денесін, оның рухы мен еркін қиындықтан тайсалмайтындай етіп шыныктыру.

Әскери тәрбиенің әдісі – көз жеткізу, мәжбүр ету және талап ету. Адам бойындағы адамгершілік сезімді аяққа баспай, қорламай, құрметтей білген жөн. Армияда адамның адамгершілік сезімін терең құрметтей білуге негізделген қатаң тәртіп болуға тиіс».

Осынау мірдің оғындай сөздерді әрбір командир жүрек көзімен оқып, жадында мықтап тұтар болса, әскердегі өлім-жітім де кеми түсер ме еді, кім білсін...

Сөз басында Президенттің пәрменімен арнайы комиссияның құрылғаны туралы айттық. Енді сол комиссияның жұмысынан нақты нәтиже күтеміз. Сонымен қатар жағдайды түзеуге жаңадан тағайындалған Қорғаныс министрінің де ерік-жігері жетеді деп үміттенеміз. Оның халық жадында орашолақ сөзімен емес, оңды ісімен қалғанын қалар едік.

Әбубәкір СМАЙЫЛОВ

КӨПШІЛІГІ ҚАЗАҚША ОҚУДЫ ТАҢДАҒАН

Еліміздегі 1-сыныпқа баратын балалардың 70 пайыздан астамы қазақ тілінде оқуды таңдаған. Екі айдың ішінде ата-аналардан 250 мыңнан астам өтініш түскен. 1-сыныпқа өтініштерді қабылдау 1 тамызға дейін жалғасады. Құжаттарды қабылдау egov.kz порталы арқылы жүріп жатыр. Сондай-ақ ата-аналар өтініші бойынша құжаттарды дәстүрлі қағаз форматында да тапсыруға болады.

«Құжаттарды қабылдау штаттық режимде жүріп жатыр. Осы ретте құжаттарды тапсыруда ата-аналардың белсенділігін байқауға болады. Биыл мемлекеттік тілде білім алғысы келетін 1-сынып балалары көбейді. Қазақ тілінде оқитын сыныптарға қабылдаудың ең жоғары көрсеткіші Маңғыстау (91 пайыз), Қызылорда (91,5 пайыз), Жамбыл (82,2 пайыз) және Атырау (80,1 пайыз) облыстарында тіркелді» деді Мектепке дейінгі және орта білім комитетінің төрағасы Гүлмира Кәрімова. Оның айтуынша, биыл 1-сыныпқа 420 мың бүлдіршін барады деп күтілуде. Бұл көрсеткіш былтырға қарағанда жоғары.

Ал Нұр-Сұлтан қаласы бойынша 25000 бала 1-сыныпқа барады. Барлық оқушы оқулықтармен қамтамасыз етіледі. Биылдан бастап толық 6 жасқа толған балалардың барлығы қабылданады.

Елорда тұрғыны Думан Лақайұлы биыл 1-сыныпқа баратын баласын №59 мектепке қазақ тілінде оқуға тіркеткенін айтты. Оның пікірінше, қазіргі балалар орыс тілін оқусыз-ақ игеріп алады, өйткені қоршаған орта солай қалыптасқан. «Балам орыс тілін білмей қалады деп алаңдамаймын, мен үшін баламның баба тілінде білім алғаны әлдеқайда маңызды» дейді ол.

Жаңа оқу жылында бала санының көптігіне байланысты үш ауысымдағы 4 мектеп пайдалануға беріледі. Сондай-ақ «Қамал», «Арнау» тұрғын үй кешені, Ұлы дала мен Мәңгілік ел көшесі мекенжайындағы 1-сынып оқушылары үшін №95 мектеп кеңейіп отыр.

1-сынып оқушыларының құжаттарын қабылдау 1 сәуірде басталып, 1 тамызға дейін жалғасады. Құжаттарды egov.kz арқылы беруге болады. Қажетті құжаттар тізімі: ата-аналардың (немесе оларды алмастыратын тұлғалар) өтініші; баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі; баланың денсаулық паспорты; 3х4 көлеміндегі 2 фото.

Білім беру ұйымы өтініш берушіден міндетті көрсетілген тізбеден басқа құжаттарды тапсыруды талап етуге құқығы жоқ.

Ережеге сәйкес, 1-сыныпқа қабылдау кезінде құжаттар алдымен мектептің қызмет көрсету аумағынан алғашқы 3 өтініш берушіден (тіркелу орны бойынша) қабылданады. Одан кейін басқа шағын учаскеден 1 өтініш берушіден (3:1 қағидаты бойынша) қабылданады.

Гимназия, лицейден басқа, мектептердің барлығы балаларды мектепке емтихансыз қабылдайды.

Баян АСЫЛБЕКОВА

Қас-қағым сәтте өте шығатын жалған дүние. Сұм ажал арамыздан жаны нәзік, ақжарқын, қарапайым, ақкөңіл, ардақты әке, сүйікті жар, елін, жерін ерекше сүйген азамат Қуаныш Махмұтұлы Алпысбековті алып кеткеніне де бір жылдың жүзі болып қалды.

ДОСТАРЫ ОНЫ ҰМЫТПАЙДЫ

Өмірден өткен адам туралы, әсіресе ол маған туған інімдей болып кеткен Қуаныш Алпысбеков туралы өткен шақпен жазу оңай дүние емес. Қуанышпен өткен ғасырдың сексенінші жылдары Целиноградқа іссапармен келгенде танысқанмын. Сұңғақ бойлы, ақсары жүзінде, адамға мейіріммен, сәл-пәл сынай қарайтын көзінде ойлылық бар сияқты. Сымбатты тұлғасына жарасымды киім киісі талғамды танытса, адамдармен қарым-қатынасы мен сөйлеген сөзі өмірден көргені мен түйгені мол жан екендігін аңғартқандай. Кездескен сайын өзі өскен, қанат қаққан қасиетті өлкенің арғы-бергі тарихы жөнінде көсіле сөйлейді. Ара-арасында бүгінгі заман ағымына және ақпарат құралдарында айтылып, жазылып жатқан ой-пікірлерге өз көзқарасын білдіріп отырады. Осының өзі оның жан-жақты білімдар, елдің ертеңіне үмітпен қарайтын ізгі жан екенін танытқандай болды.

Қуаныш өмір сүрген толқын ерекше уақытта өмір кешті. Оларға соғыстан соңғы ауыр жылдардың тауқыметін, тың игерудің аласапыран жылын иығымен көтеруге тура келді. Бұл ұрпақ өкілдері алпысыншы жылдардың жылымығын да, тоқырау кезеңі атанған жетпісінші жылдарды да, Кеңес Одағы күйреуі қарсаңындағы сексенінші жылдардағы қайта құруды да көзбен көріп, көңілмен сезінді. Бұдан соң да бұл толқын егемен Қазақстанның құрылысына тікелей атсалысты.

1962 жылы Қуаныш Ақмоладағы орта мектепті бітірісімен Новосібірдің темір жол транспорты инженерлері институтына түсті. Аталған жоғары оқу орнын бітірген көптеген түлек кейіннен темір жол саласының жетекшілері, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері болды. Мысалы, осы институтты тәмамдаған Аманкелді Омаров Алматы темір жолын басқарды. Қуанышпен бірге оқыған Аманкелді Қасымов кезінде тың темір жолына жетекшілік етті. Ал Әділғазы Нарымбетов, Олжабай Асылбаев түрлі лауазымды қызмет атқарды. Реті келгенде осы салада ұзақ жыл жемісті еңбек етіп, есімі бүкіл Кеңес Одағына белгілі болған КСРО Темір жол министрінің орынбасары лауазымына дейін өскен, кейіннен тәуелсіздік алған жылдары Қазақстан Премьер-министрінің орынбасары болған Нығметжан Есенғариннің есімін атап кеткен ләзім болар. Қуаныш Алпысбеков 1991 жылы ҚР Көлік және коммуникация министрінің орынбасары болып бекігенде, Нығметжан Есенғариннің оған айтқан ақыл-кеңесі көп кәдеге жарады.

Институтты бітірісімен Қуаныш Алпысбеков Целиноград тың қақпасы саналатын Есіл стансасына жолдама алды. 24 жастағы жас маман қысқа уақытта әртүрлі деңгейде жұмыс атқарып, ұқыптылығымен көпшілік назарына ілікті. Жас маманның іскерлігін байқаған тың темір жолының басшылығы Қуаныш Алпысбековті Ерейментау стансасының бастығы қызметіне тағайындады. Жұмыс жауапты әрі қиын болса да, ол өзіне артылған сенімге қанаттанып, қызметін еш шаршаусыз, демалыссыз тәулік бойына дерлік атқаруға тура келді. Қуаныш дәл осы жерде нағыз еңбектің қадірін біліп, әр кезде де жинақы және жауапты болуға дағдыланды. Жастықтың буыны бұрқанған шағы ма, Қуаныш үшін темір жолда ғана өмір қайнап жатқандай және одан тыс жерден өзін тіпті елестете алмайтындай көрінетін. Дегенмен тағдыр тіршілігі өз түзетуін енгізетіні заңды үрдіс қой. Бірде аяқастынан Ерейментау аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Зикен Рамазанов Қуанышты өзіне шақыртып алып, оған аудандық комсомол комитетін басқаруды ұсынды. Қуаныш қанша тырысып, ұсыныстан бас тартқанмен, беделі бүкіл облысқа жүріп тұрған, сөзге шешен «айыр көмей, жез таңдай» Рамазановтың дәлелді пікірін талқылаудың қажет еместігін Қуаныш осы арада бірден түсінді. Сөйтіп Қуаныштың өмірі күрт өзгеріске ұшырады. Арада шамалы уақыт өткен соң Қ.Алпысбековті Целиноград облыстық комсомол ұйымына жетекшілік етуге шақырды.

Облыстық комсомол комитетін басқара жүріп, Қуаныш аудандар мен бастауыш ұйымдары басшыларымен тығыз байланыс орнатты және сол ұйымдарға жетекшілік ететін жастарды сол жердегі жастардан таңдады. Ол қай ортада болса да сол жерді көркейтіп жүрді. Жасанды қылыққа барған жоқ, жақынын танымай қалу мінезіне ұшырамады, ең бастысы, қарапайым адамдармен аралас-құралас болуды ұнатты.

Қиындығы мен қызығына әбден дағдыланған Қуаныштың комсомолдағы жұмысы 1978 жылы аяқталды. Облыстық партия комитетінің басшылығы болашағынан үміт күттіретін Қуаныш Алпысбековті СОКП Орталық Комитеті жанындағы қоғамдық ғылымдар академиясына оқуға жіберуді жөн көрді. Бұл академияны бітіргендер бірден әр республиканың Орталық партия комитеттеріне лауазымды қызметке тағайындалады немесе резервке қойылатыны белгілі. Алайда Қуаныштың академияны бітіруіне жарты жыл қалғанда, Целиноград облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Н.Морозов Алпысбековті оқуынан шақыртып алып, қаладағы Совет аудандық партия комитетінің бірінші хатшылығына тағайындады. Кейіннен, уақыттың тығыздығына қарамастан, Қуаныш қоғамдық ғылымдар академиясына барып мемлекеттік емтихандарын табысты тапсырып, қызыл дипломға ие болды.

Қуаныш өшпейтін із қалдырып өткен жолдарды тізе берсек, ол осымен бітпейді. Қай саланы алып қарасаң да, Қуаныш Махмұтұлы қызмет жасаған сара жол менмұндалап жатқаны. Қысқаша қайыратын болсақ, ол мынадай: облыс орталығындағы Совет аудандық партия комитеті жетекшілігінен кейін Целиноград қалалық атқару комитетінің төрағасы, Қазақстан компартиясы Орталық комитетінің инспекторы, Қостанай облыстық партия комитетінің хатшысы, СОКП Орталық партия комитетінің жауапты инспекторы, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің орынбасары, Ақмола облысы әкімінің орынбасары және Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты.

Қай жерде қызмет атқарса да, Қуаныш Махмұтұлы өзін білікті маман, тәжірибелі жетекші және жастарға қамқоршы екенін көрсете білді.

...Қолтығынан
достарды жүрдің демеп,
Аянбадың олардан
беріп көмек.
Ұйытқы болып
бастарын қосатұғын,
Достар үшін өзіңнің орның бөлек,

– деп ақын жырлап кеткендей, Қуаныш Алпысбеков туралы енді сөз қозғайтын болсақ, «тағдыр» деген жүрекке салмақ салатын ауыр сөзді қосып айтуға тура келеді. Тағдыр сені де арамыздан аяқасты алып кеткені барша достарыңды қатты қапаландырды. Ажалға қарсы тұратын ешбір амал жоқ.

Қуаныш тағылымды өмір сүрді. Ол бойындағы барлық білімі мен қабілетін өмірден таңдап алған мамандығы арқылы қоғамның дамуына бағыттады.

Қуаныштың асыл адамгершілік бейнесі, дос-туысқа деген адал қарым-қатынасы, әсіресе сүйікті немересі Елнұрға деген махаббаты оны білетіндердің жүрегінде мәңгі сақталатынына ешбір күмән жоқ. Оның артында өзін қадірлей білетін бір қауым ел, туған-туысы мен достары, жолдастары, өзінен өрбіген өскелең ұрпақтары Қуанышты ешуақытта ұмытпайтынына сенеміз мол.

Мейрам БАЙҒАЗИН,
Астана қалалық
Ардагерлер кеңесінің
мүшесі,Қазақстанның
құрметті
журналисі

БАҚҰЛ БОЛ, ЖАНЫ ЖАЙСАҢ АЗАМАТ!

Алаш жұрты арыстай азаматынан айырылды.

Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы сауда өкілі Борамбаев Нұрлан Оралбекұлы 52 жасқа қараған шағында өмірден озды.

Нұрлан Оралбекұлы – Ақмола өңірінің тумасы. Еңбек жолын Қазақстан Республикасының мемлекеттік қаржылық бақылау органдарында бастады. Министрліктер мен ведомстволарда, коммерциялық ұйымдарда қызмет етті.

2006 жылдан бастап ҚР Президентінің іс басқармасы жүйесінде лауазымды қызметтер атқарды.

2019 жылдың шілде айынан бері Қазақстан мен Ресей арасында сауда-экономикалық ынтымақтастықты нығайтуға атсалысты. Ол басшылық еткен жылдары сауда өкілдігі Қазақстан мен Ресей арасында айтарлықтай оң нәтижеге қол жеткізді. Нұрлан Оралбекұлы – тәжірибелі маман, пайым-парасаты биік білікті басшы. Өмірлік ұстанымы, мызғымас моральдық-этикалық қағидасы бар тұлға. Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы елшілігі, екі елдің сауда және интеграция министрлігіндегі әріптестерінің алдында бет-беделі биік, абыройы асқақ. Ол – қарамағындағы қызметкерлерге лайықты басшы бола білген жаны жайсаң азамат.

Астаналық туыстары Нұрлан Оралбекұлының отбасына, етжақындары мен туған-туыстарына қайғыра көңіл айтамыз. Алды пейіш, арты кеніш болсын. Артында қалған ұрпағына амандық тілейміз.

ҰЛТ ҰСТАЗЫН ҰЛЫҚТАУ САПАРЫ

Жақында ұлт ұстазының 150 жылдығына арналған «Ахмет Байтұрсынұлының жолы» экспедициясы басталды. Қостанай-Нұр-Сұлтан-Қарағанды-Қарқаралы-Ақтерек-Семей бағытына шыққан топ елордадағы А.Байтұрсынұлы атындағы №48 мектеп-лицейдегі мұражаймен танысып, «Қаламгерлер» аллеясында Алаш қайраткерлері ескерткішіне тағзым етті.

«Қараөткел» зиратына барып дұға бағыштады. Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті ғалымдарымен кездесті. Кездесуге филология ғылымдарының докторы, профессор Серік Негимов, университет проректоры, академик Дихан Қамзабекұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор Бекжан Әбдуәлиұлы, Нұр-Сұлтан қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Марат Мұстафин, А.Байтұрсынұлы атындағы №48 мектеп-лицей директоры Зәуре Садықова, филология ғылымдарының кандидаты Серікзат Дүйсенғазы, мәдениет қайраткері, «Елорда билер кеңесі» қоғамдық бірлестігінің төрағасы ӘнуарбекЕралы қатысты.

Әсемай ЕРЛАНҚЫЗЫ,
әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің студенті

МҮШӘЙРА ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің қолдауымен елорданың Алатау баурайынан Арқа төсіне көшуіне 25 жыл толуына орай Сәкен Сейфуллин музейі жариялаған «Еңсесі биік елорда» атты республикалық мүшәйраның жеңімпаздары анықталды.

Биылғы жыр додасына 60 шығарма түсті. Ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Несіпбек Айтұлы бастаған, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы төрағасының орынбасары Бауыржан Жақып, халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты Ғалым Жайлыбай, Қазақстан Жазушылар одағы Нұр-Сұлтан қалалық филиалының директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Дәулеткерей Кәпұлы, халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты, «Түркістан» газетінің бас редакторы Бауыржан Бабажанұлы кірген қазылар алқасының құрамы бәйгеге түскен шығармаларды саралай, сараптай келе жүлдегерлерді анықтады:

Бас жүлдені елордалық ақын, «Махамбет», «Төлеген Айбергенов» атындағы сыйлықтарының лауреаты Оңайгүл Тұржан «Елордамен сырласу» атты өлеңдер топтамасымен қанжығасына байлады. Бірінші орынды елордалық ақын Серікзат Дүйсенғазы «Еңсесі биік елорда» атты толғауымен еншіледі.

Екінші екі орынды елордалық ақын Жанат Әскербекқызы «Астанам» өлеңдер топтамасымен және павлодарлық жас ақын Дариға Бақберген «Кенесарының монологы» атты өлеңімен иеленді.

Үшінші үш орынды алматылық ақындар Әсел Оспан «Астананың әз жұрты», Мұратқан Шоқан «Көшең толып жатсын гүлге, күлкіге» топтамасымен, елордалық ақын Ауыт Мұқибек «Елордам менің – бақ ордам» өлеңімен алды.

Бес ынталандыру сыйлығы көкшетаулық ақын Мұхамед Қонқаев және елордалық ақындар Шерхан Талап, Дүйсенәлі Әлімақын, Мұқият Қойшыбай, Кәдірхан Қизатқа бұйырды.

Жүлдегерлерді марапаттау шілденің 1-і күні сағат 15:00-де Нұр-Сұлтан қаласы Жастар сарайында өтеді.

Баян АСЫЛБЕКОВА

КАМЕРАЛЫҚ ХОР КОНЦЕРТІ

Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясының камералық хоры өзінің XIX концерттік маусымын «Sounds of World» концертімен аяқтады. Бұл кеш «Астана Опера» театрының К.Байсейітова атындағы камералық залында өтті.

Концертте қазақтың, әзербайжанның, түріктің, түрікменнің және Генри Манчинидің (АҚШ), Йозеф Свидердің (Польша), Карл Дженкинстің (Ұлыбритания) танымал шығармалары, басқа да туындылар орындалды. Түпнұсқа тілде шырқалған шығармалар адамзаттың махаббатқа, сұлулыққа, үміт пен бейбітшілікке, мәңгілік құндылықтарға деген ұмтылысын бейнеледі.

Кеште халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаттары Индира Айтбергін, Лаура Қарабай жеке өнер көрсетті. Дирижер – камералық хордың көркемдік жетекшісі және бас дирижері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор Гүлмира Құттыбадамова. Сонымен қатар дирижер Ержан Сансызбаев, хормейстер Данара Ташатова, концертмейстер Гүлден Базыкен концерттің өтуіне атсалысты.

Әсемай ЕРЛАНҚЫЗЫ,
әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің студенті

№68 (4346) 11/06/2022 Сенбі

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

Нұр-Сұлтан қаласы 25.05.2022 №177/25-VII

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2021 жылғы 15 желтоқсандағы № 114/16-VII «Нұр-Сұлтан қаласының 2022-2024 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының «Нұр-Сұлтан қаласының 2022-2024 жылдарға арналған бюджеті туралы» 2021 жылғы 15 желтоқсандағы № 114/16-VII (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 25946 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

«1. Нұр-Сұлтан қаласының 2022-2024 жылдарға арналған бюджеті тиісінше 1, 2, 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2022 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 706 460 874 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер бойынша – 446 842 534 мың теңге;

салықтық емес түсімдер бойынша – 8 074 370 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша – 14 617 000 мың теңге;

трансферттер түсімдері бойынша – 236 926 970 мың теңге;

2) шығындар – 721 062 428,6 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 22 871 283 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 38 200 000 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 15 328 717 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 13 148 048 мың теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 13 148 048 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – (- 50 620 885,6) мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 50 620 885,6 мың теңге;

7) қарыздар түсімдері – 32 167 656 мың теңге;

8) қарыздарды өтеу – (- 44 824 032) мың теңге;

9) бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 63 277 261,6 мың теңге.»;

көрсетілген шешімнің 3-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

«3. 2022-2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап:

1) жалақының ең төмен мөлшері – 60 000 теңге;

2) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төмен мөлшері – 19 450 теңге;

3) зейнетақының ең төмен мөлшері – 46 302 теңге;

4) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 3 063 теңге;

5) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы – 36 018 теңге;

6) әскери қызметшілерге (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа) және арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлеріне тұрғынжайды күтіп-ұстауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге ақшалай өтемақының айлық мөлшері 3 739 теңге сомасында болып белгіленгендігі мәліметке алынсын.

2022 жылғы 1 сәуірден бастап:

1) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төмен мөлшері – 20 191 теңге;

2) зейнетақының ең төмен мөлшері – 48 032 теңге;

3) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін айлық есептік көрсеткіш – 3 180 теңге;

4) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы – 37 389 теңге болып белгіленді.»;

көрсетілген шешімнің 4-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

«4. Нұр-Сұлтан қаласының жергілікті атқарушы органының 2022 жылға арналған резерві 6 618 123 мың теңге сомасында бекітілсін.».

Көрсетілген шешімнің 1,4,6,9,12,15-қосымшалары осы шешімнің 1,2,3,4,5,6-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының хатшысы **Е. Каналимов**

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі облысының /қаласының Әділет департаменті
Нормативтік құқықтық акті 01.06.2022
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №28309 болып енгізілді

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2022 жылғы 25 мамырдағы № 177/25-VII шешіміне 1-қосымша

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2021 жылғы 15 желтоқсандағы № 114/16-VII шешіміне 1-қосымша

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНЫҢ 2022 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН БЮДЖЕТІ

Санаты	Сыныбы	Ішкі сыныбы	Атауы	Сомасы мың теңге
			1. Кірістер	706 460 874
1			Салықтық түсімдер	446 842 534
	01		Табыс салығы	288 821 042
		1	Корпоративтік табыс салығы	135 215 689
		2	Жеке табыс салығы	153 605 353
	03		Әлеуметтік салық	104 313 341
		1	Әлеуметтік салық	104 313 341
	04		Меншікке салынатын салықтар	43 317 829
		1	Мүлікке салынатын салықтар	32 646 120
		3	Жер салығы	1 505 381
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	9 166 328
	05		Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар	6 491 179
		2	Акциздер	217 000
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	3 968 858
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	2 305 321
	08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	3 899 143
		1	Мемлекеттік баж	3 899 143
2			Салықтық емес түсімдер	8 074 370
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	3 380 884
		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	200 000
		4	Мемлекет меншігінде тұрған, заңды тұлғалардағы қатысу үлесіне кірістер	50 000
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	390 000
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	2 740 884
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	2 173 486
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	2 173 486
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	2 520 000
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	2 520 000
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	14 617 000
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	13 117 000
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	13 117 000
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	1 500 000
		1	Жерді сату	750 000
		2	Материалдық емес активтерді сату	750 000
4			Трансферттердің түсімдері	236 926 970
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	236 926 970
		1	Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	236 926 970

Функционалдық топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы, мың теңге
			II. Шығындар	721 062 428,6
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер	19 219 464,0
	111		Республикалық маңызы бар қала, астана мәслихатының аппараты	286 984,0
		001	Республикалық маңызы бар қала, астана мәслихатының қызметін қамтамасыз ету	278 870,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4 679,0
		005	Мәслихаттар депутаттары қызметінің тиімділігін арттыру	3 435,0
	121		Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты	1 910 505,0
		001	Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің қызметін қамтамасыз ету	1 880 256,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	30 249,0
	123		Қаладағы аудан әкімінің аппараты	1 883 574,0
		001	Қаладағы аудан әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 844 475,0
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	39 099,0
	332		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы	9 982 922,0
		001	Жергілікті деңгейде коммуналдық мүлікті және мемлекеттік сатып алу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	427 797,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5 657,0
		005	Коммуналдық меншікке мүлікті сатып алу	5 712 012,0
		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	3 801 903,0
		011	Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату	35 553,0
	337		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы	1 746 730,0
		001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы, еңбек, мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау, жерлердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	588 053,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 691,0
		005	Халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету және қауіпсіздік мәселелері жөнінде халықтың мемлекеттік органдармен, коммуналдық кәсіпорындармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауын ұйымдастыру жөніндегі қызметтер	1 100 000,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	55 986,0
	343		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы	349 470,0
		001	Жергілікті деңгейде энергетика және коммуналдық шаруашылық салаларындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	347 897,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 573,0
	344		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы	522 864,0
		001	Жергілікті деңгейде сәулет, қала құрылысы, жер қатынастарын реттеу салаларындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	495 020,0
		005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	27 844,0
	356		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қаржы басқармасы	276 091,0
		001	Жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	235 798,0
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	35 863,0
		014	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4 430,0
	357		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	787 513,0
		001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	782 071,0
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5 442,0
	362		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың ішкі саясат басқармасы	219 044,0
		013	Республикалық маңызы бар қала, астана Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету	219 044,0
	369		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың дін істері басқармасы	357 887,0
		001	Жергілікті деңгейде дін қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	83 611,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 880,0
		005	Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау	271 396,0
	373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	519 429,0
		061	Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту	519 429,0
	379		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясы	376 451,0
		001	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	368 277,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	8 174,0
02			Қорғаныс	4 569 531,0
	121		Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты	2 730 022,0
		010	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	332 645,0
		011	Аумақтық қорғанысты даярлау және республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумақтық қорғаныс	356 483,0
		012	Жұмылдыру дайындығы және республикалық маңызы бар қаланы, астананы жұмылдыру	1 837 346,0
		014	Республикалық маңызы бар қалалар, астана ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын-алу және оларды жою	203 548,0
	373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	811 377,0
		030	Жұмылдыру дайындығы және төтенше жағдайлар объектілерін дамыту	811 377,0
	387		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы органдардың аумақтық органы	1 028 132,0
		005	Республикалық маңызы бар қала, астана ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын-алу және жою	1 028 132,0
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	23 749 766,0
	335		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы	4 104 755,0
		021	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	4 104 755,0
	352		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	17 938 002,0
		001	Республикалық маңызы бар қала, астана аумағында қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер қамтамасыз ету	14 397 374,0
		003	Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу	14 458,0
		004	Нұр-Сұлтан қаласында нашақорлықтың және есірткі бизнесінің алдын алу жөніндегі қызметтер	18 034,0
		007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 508 136,0
	373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	1 707 009,0
		004	Ішкі істер органдарының объектілерін дамыту	25 152,0
		099	Зираттар бар крематорийлер салу	1 681 857,0
04			Білім беру	173 787 442,0
	121		Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты	2 474,0
		019	Сайлау процесіне қатысушыларды оқыту	2 474,0
	339		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы	714 469,0
		003	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	200 565,0
		043	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	407 729,0
		044	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқитындарға әлеуметтік қолдау көрсету	106 175,0
	360		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	148 111 686,0
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	556 444,0
		003	Жалпы білім беру	24 688 599,0
		004	Арнаулы білім беру бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	2 772 897,0
		005	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	3 262 513,0
		007	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	555 000,0
		008	Балаларға қосымша білім беру	5 273 919,0
		009	Республикалық маңызы бар қала, астана ауқымындағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	214 965,0
		011	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 022,0
		013	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	225 712,0
		014	Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдердің оңалту және әлеуметтік бейімдеу	1 308 676,0
		019	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік білім беру мекемелеріне жұмыстағы жоғары көрсеткіштері үшін гранттар беру	27 336,0
		021	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға асыраушыларына ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері	203 491,0
		024	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	10 800 819,0
		027	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балала рды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер	11 470,0
		029	Әдістемелік жұмыс	652 290,0
		034	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту	29 095 102,0
		038	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау	2 594 951,0
		040	Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға	61 351 304,0
		057	Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	1 988 130,0
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	2 526 046,0
	373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	17 009 283,0
		028	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	17 005 104,0
		037	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салу және реконструкциялау	4 179,0
	381		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың дене шынықтыру және спорт басқармасы	7 949 530,0
		006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	7 949 530,0
05			Денсаулық сақтау	19 821 783,0
	339		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы	19 640 575,0
		001	Жергілікті денгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	367 648,0
		006	Ана мен баланы қорғау жөніндегі көрсетілетін қызметтер	606 383,0
		007	Салауатты өмір салтын насихаттау	118 421,0
		008	Қазақстан Республикасында ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру	125 953,0
		016	Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету	2 000,0
		017	Қаржы лизингі шарттарында сатып алынған санитариялық көлік және сервистік қызмет көрсетуді талап ететін медициналық бұйымдар бойынша лизинг төлемдерін өтеу	1 231 286,0
		018	Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер	127 178,0
		027	Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау	4 062 765,0
		029	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың арнайы медициналық жабдықтау базалары	190 454,0
		030	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 590,0
		033	Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары	9 080 350,0
		039	Республикалық бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін көмекті қоспағанда ауылдық денсаулық сақтау субъектілерінің амбулаториялық-емханалық қызметтерді және медициналық қызметтерді көрсетуі және Call-орталықтардың қызмет көрсетуі	431 307,0
		041	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті өкілдік органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемімен қосымша қамтамасыз ету	2 502 276,0
		052	COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуының алдын алуға бағытталған күрделі шығыстар	792 964,0
	373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	181 208,0
		038	Деңсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау	181 208,0
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	26 370 697,0
	333		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы	24 027 303,0
		001	Жергілікті деңгейде халық үшін жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	565 875,0

		002	Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қарттар мен мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	1 345 421,0
		003	Жұмыспен қамту бағдарламасы	4 597 464,0
		004	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	2 414 380,0
		006	Халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі іс-шараларды іске асыру	498 671,0
		007	Тұрғын үйге көмек көрсету	20 000,0
		008	Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек	4 698 365,0
		009	Мүгедектерді әлеуметтік қолдау	1 389 498,0
		013	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	24 700,0
		015	Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну	1 869 097,0
		016	Белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарды әлеуметтік бейімдеу	263 480,0
		018	Қарттарға, мүгедектерге және мүгедек балаларға әлеуметтік қызмет көрсету орталығында және үйде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	640 992,0
		019	Үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	665 057,0
		020	Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектер үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	1 603 543,0
		022	Балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерінде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық патологиялары бар мүгедек балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	1 337 542,0
		026	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 900,0
		028	Күш көрсету немесе күш көрсету қаупі салдарынан қиын жағдайларға тап болған тәуекелдер тобындағы адамдарға қызметтер	135 729,0
		030	Жұмыспен қамту орталықтарын қамтамасыз ету	494 220,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	93 448,0
		045	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	1 030 181,0
		053	Кохлеарлық импланттарға дәлдеп сөйлеу процессорларын ауыстыру және келтіру бойынша қызмет көрсету	335 240,0
		057	Атаулы мемлекеттік әлеуметтік көмек алушылар болып табылатын жеке тұлғаларды телевизиялық абоненттік жалғамалармен қамтамасыз ету	1 500,0
	360		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	843 394,0
		016	Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	719 658,0
		017	Білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанының оқушылары мен тәрбиеленушілерін әлеуметтік қолдау	123 736,0
	383		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы	1 500 000,0
		068	Әлеуметтік көмек ретінде тұрғын үй сертификаттарын беру	1 500 000,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	184 464 024,6
	123		Қаладағы аудан әкімінің аппараты	53 209 305,0
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	4 450 921,0
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	23 950 935,0
		010	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	138 835,0
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	24 668 614,0
	336		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы	14 468 414,0
		007	Қаланы абаттандыру және көгалдандыру	182 828,0
		017	Қаланы абаттандыруды дамыту	13 601 397,0
		041	Профилактикалық дезинсекция мен дератизация жүргізу	684 189,0
	343		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы	60 988 220,0
		005	Коммуналдық шаруашылықты дамыту	25 000,0
		006	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	2 500 128,0
		007	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту	47 656 893,7
		008	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	4 054 465,0
		010	Нөсер кәрізін дамыту	6 251 725,3
		018	Қаланы абаттандыруды дамыту	500 008,0
	373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	43 962 675,6
		012	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	15 925 824,0
		013	Қаланы абаттандыруды дамыту	195 855,0
		017	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	4 530 817,6
		029	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды сатып алу	1 267 394,0
		098	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу	22 042 785,0
	383		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы	11 835 410,0
		001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй қоры саласында тұрғын үй мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	469 140,0
		004	Авариялық және ескірген тұрғын үйлерді бұзу	41 447,0
		006	Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру	771 472,0
		007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 400,0
		008	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	179 633,0
		013	Ортақ мүлікті техникалық тексеру және кондоминиумдар объектілеріне техникалық паспорттарды әзірлеу	22 299,0
		014	Мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер учаскелерін алып қою, соның ішінде сатып алу жолымен алып қою және осыған байланысты жылжымайтын мүлікті иеліктен айыру	9 529 903,0
		054	Жеке тұрғын үй қорынан алынған тұрғынжай үшін азамматардың жекелеген санаттарына төлемдер	820 116,0
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	24 795 462,0
	310		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың цифрландыру және мемлекеттік қызметтер басқармасы	533 010,0
		001	Жергілікті деңгейде цифрландыру және мемлекеттік қызметтер саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	531 810,0
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 200,0
	334		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы	203 735,0
		021	Туристік қызметті реттеу	203 735,0
	346		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың тілдерді дамыту және мұрағат ісі басқармасы	993 564,0
		001	Жергілікті деңгейде тілдерді дамыту және мұрағат істері саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	159 087,0
		002	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	399 958,0
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	20 704,0
		010	Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету	215 815,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	198 000,0
	361		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мәдениет басқармасы	13 150 631,0
		001	Жергілікті деңгейде мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	197 348,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	900,0
		004	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	5 153 845,0
		005	Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету	513 435,0
		007	Театр және музыка өнерін қолдау	4 184 519,0
		009	Қалалық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	315 111,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	2 785 473,0
	362		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың ішкі саясат басқармасы	1 782 915,0
		001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік, ішкі саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	797 987,0
		005	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	979 667,0
		007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5 261,0
	373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	443 381,0
		014	Мәдениет объектілерін дамыту	413 627,0
		015	Спорт объектілерін дамыту	29 754,0
	377		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жастар саясаты мәселелері басқармасы	1 165 277,0
		001	Жергілікті деңгейде жастар саясаты мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	112 767,0
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 200,0
		005	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	967 967,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	83 343,0
	381		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың дене шынықтыру және спорт басқармасы	6 522 949,0
		001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	623 213,0
		002	Жергілікті деңгейде спорттық жарыстар өткізу	1 218 767,0
		003	Республикалық және халықаралық спорттық жарыстарға әртүрлі спорт түрлері бойынша құрама командалары мүшелерінің дайындығы және қатысуы	4 485 463,0
		005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 200,0

		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	194 306,0
09			Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	60 927 789,0
	343		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы	60 927 789,0
		012	Жылу-энергетикалық жүйені дамыту	35 359 652,0
		029	Газ тасымалдау жүйесін дамыту	25 568 137,0
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	3 027 200,0
	334		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы	254 414,0
		050	Инвестициялар салынған жағдайда агроөнеркәсіптік кешен субъектісі көтерген шығыстардың бөліктерін өтеу	25 773,0
		056	Ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау	4 271,0
		077	Ішкі нарыққа реттеушілік әсер ету үшін азық-түлік астығын өткізу кезінде агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияның шеккен шығыстарын өтеуді субсидиялау	224 370,0
	336		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы	2 367 182,0
		001	Жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	271 103,0
		004	Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар	855 548,0
		005	Қоршаған ортаны қорғау объектілерін дамыту	62 560,0
		012	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	922,0
		016	«Жасыл белдеуді» салу	1 177 049,0
	337		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы	393 419,0
		016	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	81 272,0
		021	Ауыл шаруашылық дақылдарының зиянды организмдеріне қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар	5 288,0
		025	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	298 384,0
		043	Тракторларды, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен тетіктерін мемлекеттік есепке алуға және тіркеу	8 475,0
	344		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы	12 185,0
		006	Жерді аймақтарға бөлу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	12 185,0
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	2 135 499,0
	344		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы	1 807 546,0
		002	Елді мекендердегі құрылыстардың бас жоспарын әзірлеу	1 807 546,0
	373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	327 953,0
		001	Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	326 203,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 750,0
12			Көлік және коммуникация	73 858 947,0
	335		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы	73 804 257,0
		001	Жергілікті деңгейде автомобиль жолдары және жолаушылар көлігі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	325 399,0
		003	Көлік инфрақұрылымын дамыту	45 404 907,0
		004	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	14 870 000,0
		007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 512,0
		010	Әлеуметтік маңызы бар ішкі қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау	12 002 439,0
		011	Жол жүрісін реттеудің техникалық құралдарын салу және реконструкциялау	1 200 000,0
	336		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы	54 690,0
		020	Нұр-Сұлтан қаласының әкімшілік-аумақтық шекарасы шегінде Есіл өзенінің кеме қатынасы учаскесінде су жолы жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз ету	54 690,0
13			Басқалар	35 830 834,2
	310		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың цифрландыру және мемлекеттік қызметтер басқармасы	6 711 578,0
		005	Инновациялық қызметтерін дамытуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	3 337 266,0
		096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	3 374 312,0
	334		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы	8 491 235,0
		001	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың бәсекеге қабілеттілігінің тұрақты өсуін қамтамасыз ету және имиджін арттыру бойынша және кәсіпкерлік және өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	368 619,0
		003	Кәсіпкерлік қызметті қолдау	10 000,0
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 685,0
		005	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың инвестициялық қызметтерін дамытуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	744 021,0
		015	«Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жеке кәсіпкерлікті қолдау	572 000,0
		017	«Бизнестің жол картасы - 2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау	5 772 202,0
